

Ұлы Дала Елі – ұлттық тарихымыздың мыңжылдықтары мен Тәуелсіздіктің ұлы жетістіктерін ұштастырып жатыр...

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ТҰЛҒАТАНУ



ТӘУЕЛСІЗДІК
ТАРИХЫНЫҢ
ЖАРШЫСЫ

5

РУХАНИЯТ



«МҰҚАҒАЛИ»
ФИЛЬМІ
ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

7

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

23.10.2021

Түнде:



0, -2 °C

Бұлтты, жауын-шашын
(жаңбыр, қар), тұман
жолдарда көктайғақ

Күндіз:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты
жауын-шашынсыз



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

24.10.2021

Түнде:



0, +2 °C

Бұлтты,
жауын-шашынсыз

Күндіз:



+10+12 °C

Бұлтты,
жауын-шашынсыз



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БІРЛІК – ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТ БОЛУДЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен бейнебайланыс форматында Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға Парламент депутаттары,

мемлекеттік органдардың өкілдері, республикалық этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

3

АЛҚАЛЫ ЖИЫН

ҚОҒАМ БОЛЫП ҚОЛҒА АЛАТЫН МӘСЕЛЕ



Алматыда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының жобасы талқыланды және жоғары білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кеңес өтті

4

ҚЫСҚА...

- Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік туралы 100 әңгіме» электронды кітабы шықты.
- Португалияда дзюдодан ардагерлер арасында өткен әлем біріншілігінде отандасымыз Нәсіпкүл Тыныбаев жеңімпаз атанды.
- Қазақстандық ғалымдар Naruvax-C19 (pets) мысықтарға арналған COVID-19-ға қарсы жаңа суббірлікті вакцинаны таныстырды.
- «Алматы» хоккей клубы «Қар барыстарын» 6:1 есебімен жеңді.
- Ауа райының күрт өзгеруіне байланысты қала полицейлері демалыс күндері жүргізушілерді абай болуға шақырды.

www.almaty-akshamy.kz





ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021

ОНЛАЙН ДА ӨТЕ АЛАСЫЗ

Санаққа қатысу – әлеуметтік жауапкершілік!

Ұлттық статистика бюросының баспасөз қызметі хабарлағандай, халық санағынан онлайн өту мүмкіндігі қайта қолжетімді. Санақтан онлайн өту мүмкіндігі тоқтатылған соң еліміздің барлық өңірлерінен, әсіресе қалалардан онлайн-санақ функциясы мерзімін ұзарту туралы көптеген өтініштер түскендіктен, sanaq.gov.kz сайтында онлайн-сауалнама функциясын қайта қосу туралы шешім қабылданған.

Сонымен, санақ сауалдарына арнайы sanaq.gov.kz сайты, eGov порталы арқылы тіркеліп немесе Аitu мобильді қосымшасы арқылы жауап беруге болады. Онлайн өту



мүмкіндігі халық санағы аяқталғанға дейін қолжетімді болмақ.

Еске сала кетейік, бұған дейін 1 қыркүйек пен 15 қазан аралығында онлайн-санақ функциясын азаматтардың 40 пайызға жуығы пайдаланған. 1 қазаннан бастап интервьюерлер үй-үйді аралауды бастады. Олар қазірдің өзінде 5 938 259 адамға сауал салу жүргізді. Онлайн өткен респонденттер келген хабарламаны интервьюерлерге көрсетуі тиіс. Олармен сауалнама қайта жүргізілмейді.

Ұлттық статистика бюросы онжылдықтың маңызды шарасына белсене атсалысуға шақырып, халық санағына қатысқан азаматтарға алғыс айтады! Қазақстанда әркім маңызды!

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МЕРЕЙ

ӨЗ БИІГІНЕН
ТӨМЕНДЕМЕГЕН КЛАССИК

Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері, Алматы қаласының Құрметті азаматы, әдебиет абызы Әбдіжәміл Нұрпейісов 97 жасқа толды. Осынау атаулы күнге орай, ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев Әбдіжәміл Нұрпейісовті туған күнімен құттықтады.

– «Қаламгердің ғұмыр жолына қарап отырып, ұлт тарихының өткен ғасырдағы тұтас тарауларын көруге болады. Әбекең бала күнінде тәркілеу, ашаршылық сияқты зобаландарды басынан өткерді. Он сегізге толар-толмас шағында соғысқа аттанды.

Осының бәрі кейін жазушының шығармашылығына арқау болды.

Шын мәнінде, суреткердің қаламынан туған дүниелер – қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған қымбат қазына. Оның ішінде «Қан мен тер» және «Соңғы парыз» романдарының шоқтығы биік. Бұл шығармалар қашан да әр буынның сүйіп оқитын туындылары болып қала береді.



Ағамыз шығармаларының басым бөлігін кеңестік кезеңде жазғаны белгілі. Дегенмен, тәуелсіздік алған тұста да ұлттық әдебиеттің өрісін кеңейтуге зор еңбек сіңірді. Қазақ ПЕН-клубын құрып, оның жанынан «Таң-Шолпан» атты әдеби журнал ашты. Бұл егемендіктің елең-алаң шағында жаңа заманға бейімделе қоймаған қаламгерлер үшін үлкен қолдау болды. Осылайша Әбекең әдебиетке деген адалдықтың озық үлгісін көрсетті.

Жалпы, Әбдіжәміл аға туралы айтқанда, оның табандылық, ірілік, өрлік қасиеттеріне тоқталмай кету мүмкін емес. Расымен, ағамыз бұраланы көп өмір жолында ешқашан өз биігінен төмендеген емес. Қашан да асқақ, ақсүйек, кербез қалпын сақтай білді.

Ардақты Әбе! Туған күніңізбен құттықтай отырып, Сізге зор денсаулық және амандық тілеймін! Елдің ықыласына бөленіп, ортамызда аман-есен жүре беріңіз», – деп жазды Мәулен Әшімбаев Facebook парақшасында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



ҚАЛА ҚАРДАН ТАЗАРДЫ

Қар тазалауға 1073 адам

жұмылдырылды

Алматыда 21 қазан күні сағат 22.00-ден бастап жауған жаңбырдың соңы таңғы сағат 02.00-ден кейін үзіліспен қарға ұласты.

Алматы қаласының Тұрғын үй саясаты басқармасы мамандарының айтуынша, жол тазарту жұмыстарына 537 техника жұмылдырылған. Оның ішінде 117 құм шашқыш көлігі мен 1073 жол жұмысшысы бар. Олар тау бөктері мен таулы аудандарда көктайғаққа қарсы материалдар сеуіп, қар сыпырады.

Мамандардың есептеуінше, тау бөктеріндегі аудандарда 10 см., таулы жерлерде 16 см. қар жауған.

Сондай-ақ, қалада ақ ұлпа қар қонып, бұталары сынған ағаштарға санитарлық кесу, жолдар мен тротуарды жапырақтардан тазалау жұмыстары жүргізілуде. Осыған байланысты аудандық әкімдіктерде жұмыс өндірісін бақылау бойынша тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды.

Ауа райын зерттеушілердің айтуынша, 23 қазанға қараған түннің бірінші жартысына дейін жауын-шашын сақталатын көрінеді.

Бүгін күндіз ауа температурасы: +2, +4 градус, түнде –1, –3 градусқа дейін төмендейді. Ал ертең күндіз +8, +10 градус жылы болады деп күтілуде.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУ»

ӨТІНІМ БЕРУ АЯҚТАЛДЫ

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда «Бюджетке қатысу» жобасына өтінім беру аяқталды. Енді тұрғындар тарапынан келіп түскен жобаларға дауыс беру науқаны басталады. Ал одан кейін көпшіліктің көңілінен шыққан жобаларға қала әкімдігі қаржы бөледі.

«Бюджетке қатысу» жобасы 2019 жылы пилоттық режимде басталған болатын. Аталмыш жоба уақыт өткен сайын ауқымды кеңейтіп, қаланың абаттануына айтарлықтай үлес қосуда.

Бұл бағытта Алматының барлық аудандарында ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар жетерлік. Аулаларды абаттандыру, саябақтар мен скверлер салу, спорт алаңдары мен көшелерге жарық орнату секілді ауқымды жұмыстар жүзеге асуда. Жоба негізінде әр ауданға 800 млн. теңгеден қаражат беріледі. Бұған жергілікті бюджеттен 6,4 млрд. теңге қарастырылған. Яғни осыншама қаржы қала халқының тұрмысын жақсарту жолындағы жобаларға жұм-



салады. Жалпы, жобаның ерекшелігі де осында. Тұрғындар ауданға не қажет екенін өздері ұсынып, дауысқа салады.

Бағдарламаға қызығушылық танытқан қала тұрғындарының саны жыл санап артып келеді. Мәселен, жоба бастау алған жылы 333 өтінім түссе, былтыр 796-ға жеткен. Оның ішінде 276-сы қала әкімдігі тарапынан қолдау тапқан. Қалалық Қоғамдық қабылдау бөлімінің бас менеджері

Дәулет Иманәлиев биыл қала тұрғындарынан 934 жоба келіп түскенін айтты. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 17 пайызға көп. Айта кетейік, дауыс беру үшін Алматы қаласының жергілікті тұрғыны болу маңызды және бір адам үш жобаға дейін дауыс бере алады.

Қалалық Стратегия және бюджет басқармасы басшысының орынбасары Жанар Жазылтаеваның айтуынша, биыл дауыс беру өткен жылдардағыға қарағанда әлдеқайда ыңғайлы болмақ. Тұрғындар электрондық цифрлы қолтаңба арқылы немесе телефон нөміріңізді идентификациядан өткізу арқылы дауыс бере алады. Ал қағаз түрінде де дауыс беретін болсаңыз, Open Almaty кеңсесіне, Абай даңғылы, 113 мекенжайына барып, урналарға салуыңызға болады.

Жалпы жұмыстың жүйелі жүргізілуі мен сапалы өнімнен салынуын қалалық қоғамдық кеңес өкілдері бақылайды. Сонымен қатар, жоба негізіндегі құрылыс жоспары қала тұрғындарымен кеңесе отырып жасалады.

Жобаға дауыс беру 21 қазан мен 10 қараша аралығында жүргізіледі.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Биыл «Бюджетке қатысу» жобасына қала тұрғындарынан **934** жоба келіп түскен.



Алматыда халықтың **99,2%-ы** газбен қамтамасыз етілген.



«Алматы жастары 3.0» тұрғын үй бағдарламасы аясында **837** отбасы төмен пайыздық мөлшерлемен несие алды.



«Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында **1351** жоба мақұлданған.



Мегаполисте **700 000**-нан астам жас тұрады.

ДЕРЕК

«Бюджетке қатысу» жобасына қала тұрғындарынан:
2019 жылы – 333;
2020 жылы – 463;
2021 жылы – 934 жоба келіп түскен.



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БІРЛІК – ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТ БОЛУДЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы мемлекеттік органдар мен Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысындағы маңызды 8 басымдықты саралап берді. Олар:

Бірінші. Тең мүмкіндіктер қағидаттарына негізделген өңірлік даму;

Екінші. Жергілікті атқарушы органдар жұмысының тиімділігін арттыру;

Үшінші. Әлеуметтік, криминалдық, тұрмыстық жанжалдардың алдын алу;

Төртінші. Қазақстан халқы Ассамблеясын одан әрі дамыту.

Бесінші. Ассамблеяның әлеуметтік және қоғамдық маңызы бар жобаларды қолдау тәсілдерін дамыту.

Алтыншы. Ассамблеяның ақпараттық жұмысын тиімді жүргізу.

Жетінші. Мәдениеттер диалогы және жалпыұлттық азаматтық патриотизм.

Сегізінші. Этносаралық салаға ғылыми негізделген көзқарас мемлекеттік саясаттың басты бағдарына алынуы керек.

Бірегей әрі тиімді үлгі қалыптасты

Ел Президенті Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей үлгісі қалыптасқанын және оның тиімділігін әлем қауымдастығы мойындағанын қадап айтты.

– *Қастерлі Отанымызда түрлі мәдениеттердің үйлесім тапқаны – соның айқын көрінісі. Бұл – біртұтас ұлт болып ұйысуымыздың басты қағидаты әрі айнымас стратегиялық бағдарымыз*, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өз Жолдауында ел бірлігін нығайта түсу қажеттігіне айрықша мән бергенін еске сала отырып, осы маңызды бағытта Ассамблеяның басты рөл атқаратынын айтты.

– *Кейінгі уақытта Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы әртүрлі этникалық топтарды қорғауға және олардың мүдделерін ілгерілетуге бағытталған деген пікірлер жиі айтылады. Бірақ бұл – еліміздегі оның мәні зор екеніне берілген біржақты түсінік. Шын мәнінде, Ассамблея ұлт бірлігін нығайтудың нақты құралына айналды және барлық азаматты ортақ мемлекеттілік идеясының төңірегінде жұмылдыра алды. Ассамблеяны құрудың арқасында өте күрделі проблеманың – этникалық мәселені саясиландырудың алдын алу тетіктері пайда болды*, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, Президент Ассамблеяның халықтың тұтастығын нығайтуға, қазақстандықтарды қоғамдық-саяси өмірге жұмылдыруға, мемлекеттік тіл мен оның Қазақстандағы мәртебесін ілгерілетуге және азаматтық белсенділіктің жаңа формасының қалыптасуына қосқан үлесін атап өтті.

Сондай-ақ, Президент этникалық саладағы проблемалар деструктивтік мақсатта пайдаланылып кетуі мүмкін екеніне тоқталды.

– *Өкінішке қарай, этникалық факторлар, ұлтаралық қатынастар, әсіресе, дағдарыс кезінде түрлі қақтығыстардың ошағы болуы мүмкін екенін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Оның деструктивтік әлеуеті ақпараттық және гибридік соғыстардың, жиі жасалатын популистік мәлімдемелердің, алыпсатарлық пен ашық арандатушылықтың қазіргі дәуірінде айтарлықтай күшейе түсті*, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет пен қоғам бірлесе жұмыс істеуі қажет

Президент этносаралық келісім экономикаға және адамдардың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етеді деп есептейді.

– *Елдегі тұрақтылықты сақтау үшін мәдениет пен білімнің, ақпараттық қауіпсіздіктің маңызы зор. Біз бұл бағыттағы мемлекеттік саясаттың жан-жақты әрі тиімді, яғни инклюзивті болуын қамтамасыз ететін жүйелі шаралар қабылдадық. Осы мақсатта арнайы құрылымдар жасақталды. Дегенмен, этносаралық келісімді нығайту ісінде әрбір министрлік пен мекеме айрықша рөл атқарады. Әсіресе, әлеуметтік саладағы саясаттың орны бөлек. Шын мәнінде, этносаясатқа құзырлы органдар ғана жауап бермеуі керек. Алдағы міндеттерді табысты орындау үшін мемлекет пен қоғам бірлесе жұмыс істеуі қажет. Сонда ғана біз халқымыздың береке-бірлігін сақтап, мемлекетімізді нығайта ала-*



мыз. Тұрақты дамудың және өсіп-өркендеудің бірден-бір жолы – осы, – деді Мемлекет басшысы.

Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік органдар мен Қазақстан халқы Ассамблеясына бірқатар басым міндет жүктеді.

Президент, ең алдымен, мүмкіндіктердің тең болу қағидатына негізделген аймақтық дамуды қамтамасыз етудің маңыздылығына назар аударды. Соның ішінде этникалық анклавтардың туындауына, мәдени және тілдік кедергілерге, этносаралық шиеленістер мен қақтығыстарға әкеліп соғатын әлеуметтік-мәдени оқшаулануға қатысты қатерлерге тоқталды.

Мемлекет басшысы мұндай қатерлердің алдын алу үшін еліміздегі қалалар мен ауылдарда, оқшауланған этникалық аудандар мен кварталдардың қалыптасуы сияқты жағымсыз тенденцияны еңсеруге бағытталған жүйелі шаралар әзірлеу қажеттігін айтты. Сонымен қатар, бірқатар аймақта этникалық топтардың қазақстандық шынайы өмірден алыстауына байланысты «ішкі эмиграция» үрдісі байқалып отырғанына назар аударды.

– *Бұл үрдіс этникалық топтардың Қазақстан қоғамына толық интеграциялануына кедергі келтіруі мүмкін. Мұндай күрделі әрі проблемалы жағдайлар туралы ашық айтылуы керек деп ойлаймын. Бұл проблемаларға көз жұмуға болмайды. Әйтпесе, бұл келеңсіздікке әкеп соқтыруы мүмкін және туындаған мәселелерге шынайы жаға бере алмаймыз. Мемлекет этникалық топтардың әлеуметтік-экономикалық интеграциялану саясатын жүргізіп, осы негізде кез келген шиеленістің жанжалға ұласпауы үшін алдын алатынын ерекше атап өткізім келеді. Мұндай жанжалдардың бәрі теріс пайдаланып арандатушылардың ісі екенін жақсы білеміз. Ондай арандатушылармен күресеміз және оларға аяушылық болмайды*, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Азаматтық қоғам институттарына қолдау бар

Президенттің пікірінше, этносаралық қатынастар саласындағы жергілікті атқарушы органдар жұмысының тиімділігін арттыру маңызды міндет. Осыған байланысты бейбітшілік пен келісімді нығайту үшін азаматтық қоғам институттарын жан-жақты қолдау керек. Тиісті лауазымды тұлғалар олардың қызметін үйлестіруге тікелей жауапты болады.

Мемлекет басшысы жергілікті атқарушы органдардың тағы бір басым міндеті ретінде әлеуметтік, қылмыстық, тұрмыстық жанжалдардың алдын алуды атады. Президенттің пайымдауынша, этникалық астамшылықтың барлық көрінісі, қандай да бір кемсітушілікке, қоғамдық тәртіпті бұзуға жол бермей, ішкі тұрақтылықты заңға сәйкес қамтамасыз етуі керек.

– *Біздің бірлігімізге зиян келтіруді көздейтін сырттағы және ішкі теріс пайғалды адамдардың, түрлі авантюристтердің, жауапсыз әрі қабілетсіз саясаткерлер мен сарапшылардың жетегінде кетпеу маңызды. «Ит үреді, керуен көшеді» деген сөз бар. Біртұтас қоғам ретінде біздің ұстанымымыздың дұрыс екеніне сенімдіміз. Алайда, бұл әрекет етпей отыр дегенді білдірмейді. Біздің қоғамға және мемлекетімізге қарсы арандатушылықтың барлық түріне құқықтық әрі ақпараттық құралдар арқылы тойтарыс беру керек*, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Аналар кеңесін құру маңызды

Президент ҚХА қызметін одан әрі дамыту мәселесіне арнайы тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық Аналар кеңесін құрудың маңызды екенін атап өтті. Аталған Кеңес еліміздің бірлігі мен татулығының өзегі саналатын құндылықтарды жастардың бойына дарытуға септігін тигізеді.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы «Жаңғыру жолы» қозғалысын Ассамблея жанындағы республикалық жастар ұйымы ретінде қайта құру мүмкіндігін қарастыруды ұсынып, жастармен жұмыс жүргізудің маңызды екенін айтты. Бұл ретте ҚХА жастарының орман алқаптарында 2 миллиард ағаш егуіне және елдімекендерде 15 миллион көшет отырғызуға белсенді қатысатынына сенім білдірді. Президент жастар саясатының өзектілігіне мән бере отырып, Ассамблеяның жезекті сессиясын осы тақырыпқа арнауды ұсынды.

Президент Ассамблеяның әлеуметтік және қоғамдық маңызы бар жобаларды қолдау тәсілдерін дамыту мәселесіне көңіл бөлді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, достық үйлерін мәжіліс пен салтанатты жиындарды өткізу залдары емес, ҚХА-ның халық бастамаларының ресурстық орталықтары мен жобалық кеңселеріне айналдырған жөн. Ал этномәдени бірлестіктер бұл жұмысқа белсене атсалысуы керек.

Мемлекет басшысы Ассамблеяны этникалық мәселелер жөнінде оң пікір қалыптастыратын сапалы әрі креативті және тиімді ақпараттық жұмыс жүргізуге шақырды.

– *Өңір басшылары жергілікті ассамблеяның жетекшісі ретінде ақпараттық кеңістікте белсенді болуы қажет. Ассамблея мүшелері медиасалада, соның ішінде әлеуметтік желіде өз ұстанымын қорай білуге тиіс. Еліміздегі бірлік пен татулыққа қарсы айтылған бірде-бір сөз жауапсыз қалмауы керек*, – деді Президент.

Отаншылдық, өзара сыйластық пен татулық дәріптелуі керек

Қасым-Жомарт Тоқаев этносаралық саладағы ғылыми негізделген тәсіл – мемлекеттік саясаттың бастауы болуы тиіс екенін айтты. Оның пікірінше, бұл аса күрделі бағытта дилетанттық пен популизмге жол бермеу қажет. Ал елімізде және одан тыс жерлерде туындайтын барлық сұрақтарға ғылыми дәлелдер мен нақты сандарға сүйене отырып, салмақты жауап берілуі қажет.

– *Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне интеграция, жалпы ұлттық бірлік, этносаралық қатынастарды үйлестірудің өзекті мәселелері бойынша пайдалы зерттеулер жүргізуді тапсырамын. Үкімет бұл бағытта қажетті қолдау көрсетеді*, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзін қорытындылай келе, жалпыұлттық бірлік қуатты мемлекеттің кепілі екенін айтты.

– *Біз отаншылдықты, өзара сыйластық пен татулықты жан-жақты дәріптеуіміз керек. Бұл – мемлекеттің ғана емес, бариша азаматтарымыздың ортақ міндеті. Жалпыұлттық бірлік – қуатты мемлекет болудың басты кепілі. Егемен еліміздің баға жетпес байлығын кейінгі ұрпақ үшін сақтай білуіміз керек. Осы жауапты міндетті абыроймен атқарасыздар деп сенемін*, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Т.ДЕРБЫСАЛИН.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Әбулбәкір ВОЙНЦЕ, Дүнген этномәдени орталығының төрағасы:

– Қазақстан Президенті

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде ҚХА маңызын тағы бір мәрте еске салды. Мұндай тұжырым іс жүзінде дәлелденген. Әлемнің еш жерінде бұған ұқсас институт жоқ, бірақ біраз мемлекеттер халқы түрлі ұлт-ұлыстардан тұрады, олар да бейбітшілік пен келісімде өмір сүргілері келеді. Сондықтан болар, басқа елдердің сарапшы мамандары біздің тәжірибені зерделеп, өз мемлекеттерінде жүзеге асыруға дәмелі. Мысалы, Қытай мен Германия біздегідей институт құруды мақсат етіп отыр.

130-ға жуық ұлт пен ұлысты бір тудың астына біріктіру оңай жұмыс емес, алайда, біздің ел оларды біріктіріп қана қоймай, айрандай ұйытып отыр. Әсіресе, Қазақстан халқы Ассамблеясын уақытылы құру біздің түрлі ұлтаралық қақтығыстардан қорғап, қандай ұлттан шықса да бәрінің құқығы бір, ешкім ешкімнен кем емес екенін көрсетті. Барлығымыз бір үйдің, бір шаңырақтың – Қазақстанның балаларымыз.

Георгий КАНА, Қазақстан Кәрістер қауымдастығы төрағасының орынбасары:

– Адамзат үнемі назардан тыс қалмайтын жаңа қиындықтарға кезігуде. Сол себепті, еліміздегі аса маңызды патриоттық ұйым ретінде әлемде орын алып жатқан өзгерістерден қалыс қалмай, қиындықтардың шешімін уақытылы табуы тиіс.

Президент әлемдегі қазіргі геосаяси жағдай алаңдаушылық тудырып отырғанына назар аударды. Ұлтаралық қақтығыстардың ушығуы детонатор бола алады. Осыған байланысты Қазақстан халқы Ассамблеясы ұлтаралық келісімге жауап беретін елдің басты патриоттық институты ретінде біздің мемлекеттегі халықтар арасындағы бейбітшілік пен достықты сақтау үшін барлығын жасауға тиіс.



Абдухалил УРАЛБАЕВ, Алматы қаласындағы Өзбек этномәдени орталығы төрағасының орынбасары:

– Мемлекет басшысы өз сөзінде ҚХА-ның қазақстандықтарды қоғамдық-саяси өмірге тартуға, мемлекеттік тілді ілгерілетуге және оның Қазақстандағы мәртебесін арттыруға, азаматтық белсенділіктің жаңа нысандарын қалыптастыруға қосқан үлесін жоғары бағалады. Президенттің пікірінше, этносаралық келісім адамдардың экономикасы мен әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етеді.

Мен «Алматы қаласының Өзбек ұлттық-мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің атынан ҚХА Кеңесінің кеңейтілген отырысында Президент талқылаған мәселелердің барлық көлемі бүгінгі күні өзекті екенін ескере отырып, ҚХА Кеңесінің отырысында қойылған міндеттерді толық қолдап, өз үлесіміз бен еңбегімізді барынша енгізетінімізді хабарлаймын.

Дайындаған Динара МҰРАТ.



АЛҚАЛЫ ЖИЫН

ҚОҒАМ БОЛЫП
ҚОЛҒА АЛАТЫН МӘСЕЛЕ

Алматыда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының жобасы талқыланды және жоғары білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кеңес өтті

Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы қаласына жұмыс сапары аясында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Марат Ахметжанов қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің кеңейтілген отырысына қатысты.

Отырысқа аудан әкімдері, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының басшылары, депутаттар, қоғам және бизнес-қоғамдастық өкілдері қатысты.

Іс-шара барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің басшысы М.Ахметжанов сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында жүргізіліп жатқан реформалар туралы айтып, 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының жобасына ерекше назар аударды. Тиісті тапсырманы Президент өзінің Қазақстан халқына Жолдауында бергені белгілі.

М.Ахметжановтың айтуынша, тұжырымдаманың новеллаларының бірі негізсіз баю үшін жауапкершілікті енгізу болып табылады. Ол шығыстардың кірістерден асып кетуі қаржылық тексеруді бастау үшін сигнал болатынын ерекше атап өтті.

Агенттік Төрағасы азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қажеттіліктері мен үміттерін қанағаттандыру қызметтің бірінші кезектегі міндеті болып табылатынын атап өтті. Сондай-ақ, мемлекеттік органдар мен ішкі мониторингке сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерді енгізу бойынша ұсыныстар берілді. Сонымен қатар, бизнес саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды енгізу қажеттілігі атап өтілді.

Отырыс барысында спикерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамаларды таныстырды, тәсілдерді жетілдіру бойынша шарала талқыланды және ағымдағы жылдың 9 айында Алматыда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыстың аралық қорытындылары қаралды.

Кеңес қорытындысы бойынша Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру кезінде осы ұсыныстарды ескеруді тапсырды.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, ҚР СЖҚА қоғамдық кеңесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша комиссиясы мен Алматы – Адалдық алаңы еліміздегі жоғары оқу орындары ректорларының қатысуымен жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша республикалық кеңес өткізді. Оның жұмысына ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев, ғылыми және сараптамалық қоғамдастық өкілдері қатысты. Кеңес жұмысын ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Марат Ахметжанов ашып, жүргізіп отырды.

Жауапкершілік
жүгі ортақ

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиялық құжат даярлауды тапсырған еді. Біз бүгін осы мақсатта қолға алып отырған жұмысты қандай бағытта жасаймыз, оның тетігі қандай болу керек, қандай нәтиже көрсетеді деген мақсатта талқылау жасап жатырмыз. Бұл жұмысты бүгін ректорлармен жүргізсек, қоғам белсенділерімен, ауыл шаруашылық саласымен, экономистермен, тағы басқа сала қызметкерлерімен жеке-жеке кездесіп, талқыға салатын боламыз. Мұндағы басты мақсатымыз – қоғамдағы



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ

көкейкесті мәселелерді жинап, оның пайда болу тетігін тауып, оған тосқауыл қою жолдарын қарастыратын боламыз. Бүгінгі таңда осы жұмыстарды қолға алып, қандай бағдарлама жасаймыз, оны қалай үйлестіреміз, қалай бақылауға болады деген сауалдар талқылануда. Дәл қазір барлық сала бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл тек бір ғана өкілетті орынның жұмысы емес, қоғам болып қолға алатын мәселе. Жоғары оқу орны – қоғамның бір бөлшегі. Сондықтан студенттерге сессияны пара беріп тапсыру, диплом алғанда пара беру сияқты теріс әдеттердің қылмыс екенін айтып, осы мақсатта жұмыстар жүргізілуі керек. Сатып алған дипломмен сапасыз, біліксіз маманның пайда болатынын ұғындыру үшін әлі де түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек-ақ. Бұған айқын дәлел ретінде шетелдік оқу орынның басты ұранына айналған мына бір тіркестерді айтып өткім келеді. Олар «Болашақты құртамын десен, ешқандай бомба жарудың қажеті жоқ. Білімнің сапасын төмендетсең, күні ертең білімсіз дәрігер бір адамды мерт қылады. Инженердің салған құрылысы құлап, адамдардың өмірін жояды. Заңгер шығарған заңсыз шешім қоғамда әділетсіздік орнатады. Осылайша мемлекеттің болашағына балта шабылады. Болашақтың негізін құртады» деген екен. Біздің басты мақсатымыз – еліміздің ертеңі болатын жастарымыздың адал жолмен жүріп, саналы болып қалыптасуына қолдау жасау, – деді ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Марат Ахметжанов.

Мақсат – академиялық
адалдық қағидаттарын
қалыптастыру

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов өз сөзінде еліміздегі барлық жоғары оқу орындарының басшылары қатысқан жиынның маңызын атап өтті.

«Жиында қоғамдағы сыбайлас жемқорлықпен күрес, оның алдын алу мәселелері қамтылды. Барлық мемлекеттік органдардың басты міндеті жемқорлықпен күрес жүргізіп, оның алдын алу болса, біздің министрлік бұл міндетке қоса, ағартушылықпен айналысып, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды қоса атқарып отыр. Сондықтан білім және ғылым саласының алдында үлкен мақсат пен міндет тұр. Бүгінгі күні Мемлекет басшысы жемқорлықтың алдын алу үшін академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру бойынша үлкен міндеттер жүктеп отыр. Қазір біз осы жұмысты жалғастырып жатырмыз. Бүгінгі жиында өте маңызды Тұжырымдаманы талқыладық. Әрине, бұл Тұжырымдаманы дайындаған кезде ғылыми әлеуеттің жан-жақты пайдаланылғанын айтуымыз керек. Біздің ғалымдарымыз алдымен талқылап, оң бағаларын берді. Ендігі жерде еліміздің жоғары оқу орындарында аталмыш Тұжырымдама іске асатын болады. Жалпы, біз сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, онымен күрес жүргізу үшін әрбір жоғары оқу орны басшыларының тікелей жауапкершілігін де қолға алдық. Бұған қоса, әрбір жоғары оқу орындарында комплайнс офистер, тікелей хабар беретін колл-орталықтар міндетті түрде енгізіледі. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, онымен күресу үшін бір ғана бағытта емес, кешенді түрде жұмыстар жүргізілетін болады. Ол үшін жемқорлықты тудыратын, оған мүмкіндік беретін барлық тәуекелдердің алдын алуымыз керек. Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс оң нәтиже беріп отыр. Мәселен, «Студенттер Альянсі» деген қоғамдық ұйым бар. Солар жыл сайын студенттер арасында әлеуметтік сауалнама жүргізіп отырады. Сол кезде біз студенттердің жауаптары арқылы жең ұшынан жалғасқан жемқорлықтың жолы едәуір кесілгенін байқап жатамыз», – деді Білім министрі.

Сыбайлас жемқорлық
мемлекеттің болашағына
тікелей қауіп төндіреді

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев өз сөзінде қала халқының басым бөлігі жастар екенін айтып, шаһарда 180 мыңға жуық студенттің бар екенін айтты.

«Өскекең ұрпақ бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру білім беру саласы қызметінің сапасын, тиімділігін бағалауда маңызды критерий болып табылады. Қаланың барлық аудандарында «Адалдық алаңы» фронт-офистері жұмыс істейді. ЖОО-мен бірлесіп «Саналы ұрпақ» және «Парасат» жобалық кеңселерін құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Барлық жоғары оқу орындарында еріктілер «Адал көмек» және «Акселератор мейірімі: Ізгілік елшісі» тақырыптарында білім алушылар үшін заңгерлік кеңестер өткізеді», – деді шаһар басшысы.

Келелі кеңесте жоғары білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясында негізгі проблемалық мәселелер талқыланды, сондай-ақ 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Тұжырымдамасының жобасы таныстырылды.

«Білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық мемлекеттің болашағына тікелей қауіп төндіреді. Оның алдын алатын құралдар бар, оларды пайдалану керек. Сондықтан біздің ортақ міндетіміз – оны азайту және жою үшін барлық қажетті шараларды қабылдау. Жоғары оқу орындарынан адал еңбекті бағалайтын және өз Отанына қамқорлық көрсететін еліміздің лайықты азаматтарын тәрбиелеуіміз керек», – деп атап өтті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің басшысы.

Ғылыми-сараптамалық
Хаб құру ұсынылды

Кеңес жұмысына қатысқан Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ректоры Тілектес Есполов ЖОО-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы атақырылып жатқан іс-шаралар туралы баяндады. Тұжырымдамада көрсетілген міндеттерді орындау және ауыл шаруашылығы саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында – университеттің Агробизнесітегі стратегиялық зерттеулер орталығында Ғылыми-сараптамалық Хаб құруды ұсынды. «Бұл жұмыстарды жүйелі жүргізу үшін кәсіби тұрғыдан университетте білікті сарапшылар мен ғалымдар жеткілікті», – деп атап өтті Тілектес Исабайұлы.

Сондай-ақ, кеңесте еліміздің университеттерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерді енгізу және студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі кешенді жоспарларды іске асыру мәселелері талқыланды. Кездесудің «ашық диалог» түріндегі форматында ғылыми қоғамдастық пен ЖОО басшылығы білім беру саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру мәселелері бойынша өз пікірлері мен идеяларын ортаға салды.

Кездесу қорытындысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет пен Білім және ғылым министрлігі арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.



Елшімен кездесті

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Италияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Марко Альбертимен кездесті. Бұл туралы қала әкімі Twitter парақшасында жазды.

«Италияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Марко Альбертимен Алматы мен Италия қалалары арасындағы сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелерін талқылады», – делінген парақшада.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

DMU ОҚУ ОРНЫ

Әлемдік деңгейдегі білім ордасы



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматыда De Montfort University Kazakhstan университеті ашылды. Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев жаңа оқу орнының ректоры Джеймс Паундермен кездесті.

Тараптар жұмыстың перспективалық жоспарларын талқылады. Мәселен, оқу бағдарламасына АТ, креативті индустрия бойынша мамандықтар енгізіледі. Бұл бағыттарға Алматының 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясында ерекше көңіл бөлінген. «Біздің жастарымыз Алматыдан кетпей-ақ беделді жоғары оқу орнында жоғары білім алу мүмкіндігіне ие болады. Қызығушылық білдіргендер аз емес. 1-курсқа 700 талапкер үміткер болды. Бакалавриатқа 145 студент түсті. Келесі жыдан бастап магистратура ашылады», – деп атап өтті Б.Сағынтаев.

Жастар саясатына қатысты сан түрлі пікірлер мемлекеттік шеңберде, халықаралық дәрежеде талқылануы оның қоғам өмірінде айтарлықтай маңызды орын алатындығын аңғартады. Статистика агенттігі жүргізген мониторинг қорытындысы бойынша мемлекетіміздегі адам санының 4,5 миллионнан астамы – жастардың үлесінде. Бұл – жалпы халықтың 30 пайызы жастар деген сөз. Ендеше, жастардың бүгіннен бастап қандай тәрбие алуы мен отансүйгіштік қасиеттің дамуы аса маңызды. «Біздің оқу орнымызда дәрістер, бейресми семинарлар, практикалық сабақтар, мастер-класстар, пікірталастар және онлайн оқыту арқылы жүзеге асырылады. Сабақтары халықаралық деңгейдегі жоғары білікті оқытушылар өткізеді. Оқытуда болашақ менеджерлер мен кәсіпкерлердің практикалық дағдыларын тереңдетіп дамытуға ықпал ететін нақты бизнес-кейстер мен оқу тәсілдері қолданылады», – дейді De Montfort University Kazakhstan университетінің ректоры Джеймс Паундер.



DMU – түлектерге Лестер Университеті (Ұлыбритания) дәрежесі берілетін жалғыз оқу орны. «Халықаралық жоғары оқу орнының Алматыда ашылуы мегаполисті әлемдік білім беру қалаларының қатарына қосады. Әлемге әйгілі университеттің құрылуы 6 ай бұрын басталып, міне, аяқталды. Бір кездері арман болған идея жүзеге асырылды», – деп хабарлады қала әкімі Б.Сағынтаев өзінің Facebook-тегі парақшасында. Сондай-ақ, университет бағдарламаларының негізгі модульдеріне тоқтала кетсек, олар: «Бизнесті қаржыландыру принциптері», «Кәсіпорынды дамыту», «Кәсіби табысқа жету үшін өзінді тану және дамыту», «Түрлі мәдениеттердегі бизнес», «Стратегиялық менеджмент», «Ұйымдастырушылық контексттегі көшбасшылық және мәдениет», «Жобаларды басқару», «Халықаралық маркетинг» секілді модульдерден тұрады.

Жалпы, университет Алматыда 20 млн. доллар инвестициямен әлемдік деңгейдегі жеке кампустың құрылысын бастауға ниет білдіруде.

ТҮЛҒАТАНУ



Динара
МҰРАТ

ҚР Президентінің Архивінде Манап Қозыбаевқа арналған көрме ашылып, ғалымның өлшеусіз мұрасы жайлы кітаптың тұсауы кесілді.

«Тарих және оның заманы» кітабы мен Манап Қозыбаевтың мұрағаттық қорынан алынған экспозиция ғалымның туғанына 90 жыл толуына арналып, отандық ғылым корифейі тұлғасын жан-жақты ашады. Көрмеде тарих ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері Манап Қабашұлы Қозыбаев тек зерттеуші мен тәлімгер ретінде ғана емес, ел мүддесін бәрінен жоғары қоятын азамат ретінде танылған.

Тұсаукесер бағдарламасының бір бөлігі ретінде өткізілген «Дөңгелек үстелде» ғылым майталмандары көрнекті ғалым туралы естелік айтты.

– Манап Қабашұлы ғылыми әлеуетті айқын көруші еді. Ол тарих ғылымының дамуына үлкен әсерін тигізген, әлі де септігін тигізіп келе жатқан зерттеулерді басқарды, – деп атап өтті ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, тарих ғылымының докторы, профессор Хангелді Әбжанов.

Ол Манап Қозыбаевтың тарих ғылымының дәстүрлері мен оның Тәуелсіз Қазақстандағы жаңа жолын біріктіргенін баса айтты. Ғалым ондаған жылдар бойы әріптестерімен бірге ғылыми тарихи базаны пысықтап, ал тәуелсіздіктің қалыптасу кезеңінде оның негізінде отандық ғылымды дамыту бағдарламасын жасады.

– 1980 және 1990 жылдардың тоғысында Манап Қабашұлы қоғамда орын алуға тиіс өзгерістерді алдын ала болжағандай болды. Сондықтан Қазақстан Тәуелсіздігін жариялаған кезде ол келесі қадамды қалай жасау керектігін нақты білетін. 1990 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау процесіне бастамашылық етті. Бүгінде сол жылдардағы бастамалар осы маңызды істі жалғастырудың негізіне айналды, – деді Хангелді Әбжанов.

Ол сондай-ақ, Манап Қозыбаев өзі білім алған, өмірлік, ғылыми жолының біразына куә болған Алматыны ерекше жақсы көргенін тілге тиек етті.

– Манап Қабашұлы Қазақ совет энциклопедиясының Бас редакциясын басқарды. Оның жетекшілігімен Қазақ КСР 4 томдық энциклопедиясы, Алматы энциклопедиясының бірнеше басылымдары жарық көрді. Нағыз ғалым ретінде ол өзінің әріптестерімен бірге оқырманды түрлі тарихи дәуірлердегі көрнекті алматылықтардың есімдерімен таныстыруға, осы басылымда қала тарихы объективті көрініс табуына тырысты, – деді Хангелді Әбжанов.

Манап Қозыбаевтың шәкірті, тарих ғылымының докторы, профессор, Қазақстан

Тәуелсіздік тарихының жаршысы

Отандық ғылым корифейі Манап Қабашұлы Қозыбаевтың мұрасына арналған көрме ашылды



әлеуметтанушылар академиясының академигі Леонид Гуревич өзінің тәлімгерін мемлекетіміздің тарихында ерекше рөл атқарған адам деп атады.

– Манап Қабашұлы Тәуелсіз Қазақстандағы жаңа ғылыми дүниетанымның қалыптасуына үлкен үлес қосты. Дегенмен, ол мен үшін ұстаз болды және солай болып қала бермек. Оның даналығы, мейірімділігі, адамгершілігі ширек ғасырдан астам уақыт бойы менің жадыма, жүрегіммен бірге, – деді белгілі тарихшы және әлеуметтанушы.

Манап Қозыбаевтың тағы бір шәкірті, тарих ғылымының докторы, профессор Гүлнар Мендіқұлова да педагогінің қазіргі Қазақстанның тарих ғылымының дамуына қосқан зор үлесін атап өтті.

– Манап Қабашұлының арқасында тәуелсіздіктің алашқы жылдары елімізде Қазақстанның тарихи даму тұжырымдамасы жасалды. Оның идеялары ғылыми із-

деністерді көрсетіп қана қоймай, мемлекеттік сипатқа ие болды», – деді профессор.

Гүлнар Мендіқұлова Манап Қозыбаевтың білім синтезінің жақтаушысы болғанын, тарихи зерттеулерге сабақтастас гуманитарлық пәндер өкілдерін тартқанын сөз етті.

– Сол кезде жаңалық болған бұл тәсіл бүгінде бүкіл әлемде қолданылады, – деді профессор.

Академик шәкіртінің сөзіне сүйенсек, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры қызметінде ғалым әрдайым жастарға арқа сүйеп, жаңадан келген зерттеушілердің біліктілігін арттыруға ұмтылған.

– 1980 жылдың екінші жартысында бізге Батыс Еуропадан, өзге елдерден әріптестер көптеп келе бастады. Ол келген қонақтармен жеке әңгіме-дүкен құрмай, жас ғалымдар алдында сөйлеп, оларды тыңдауға, белсенді қатысуға шақырған. Профессор

жастардың әлемде болып жатқан ғылыми процестерді қадағалап, озық ғылыми ойлауды дамытуға ұмтылды. Манап Қабашұлы Тұңғыш Президентке саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау процесінің маңыздылығы туралы хат жазған кезде біз үшін, оның шәкірттері үшін бұл игі іс ғылыми құлшыныс пен жоғары азаматтықтың үлгісі болды, – деді Гүлнар Мендіқұлова.

Кездесуде Манап Қозыбаевтың әскери тарих ғылымының дамуына қосқан елеулі үлесі туралы да бірнеше рет айтылды. Ол Алматының әскери жоғары оқу орындарының, атап айтқанда, Құрлық әскерлері Әскери институтының және Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі академиясының базасында әскери-тарихи кафедралар мен диссертациялық кеңестерді құрудың бастауында тұрды. Бұл жұмыс кәсіби әскери тарихшыларды даярлауға, әскери тарих ғылымы саласында іргелі зерттеулер жүргізуге берік негіз қалауға мүмкіндік берді.

Көрме мен жаңа басылымның тұсаукесері соңында Философия ғылымының кандидаты, орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазу мұрағатының директоры Жанай Омаров, жалпы, Қозыбаевтар әулетінің дарындылығына назар аударды.

– Қозыбаевтар әулетінде бәрі шетінен дарынды. Манап Қабашұлының туған бауыры Сағымбай Қозыбаев – белгілі журналист, Журналистер одағының басшысы. Профессор Манап сияқты, ол да біраз шәкірт тәрбиеледі. Соның бірі – мен. Ал Манап Қабашұлының ұлы Ілияс – дарынды тарихшы ғалым. Айта берсең, айтары көп әулет, – деді мұражай басшысы.

Жанай Омаров қолданыстағы ҚР Президентінің Архивіндегі Манап Қозыбаевтың қорымен қатар, Кинофотоқұжаттар мен дыбыс жазбалары Орталық мемлекеттік архивінде ғалым қорын құру мүмкіндігі қарастырылып жатқанын хабарлады.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.



МЕДИАФОРУМ

«ТҰҒЫРЛЫ ТАРИХЫ
БАР ЖАРҚЫН
БОЛАШАҚ»

Түркияның Стамбул қаласында 22–24 қазан аралығында өтетін Түркі кеңесінің осы тақырыпта медиафорумы басталды.

Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайып Ердоған өзінің бейнежолдауында медиафорумының барлық қатысушыларына сәттілік тіледі.

Түркі Кеңесінің Бас хатшысы Багдад Әміреев медиафорумының жұмысын ашып, өзінің сөзінде форум тақырыбы ортақ тамыры бар және түрлі салалардағы өзара тиімді ынтымақтастық үшін үлкен перспективалары бар түркі әлемінің барлық елдері үшін өзекті екенін атап өтті.



Қазақстандық делегацияны Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Кемелбек Ойшыбаев бастап барды.

Жалпы, медиафорум жұмысына Түркі кеңесіне мүше Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, бақылаушы ел – Мажарстан, сондай-ақ Түркіменстан елдерінен 350-ден астам адам қатысуда. Олардың қатарында жетекші БАҚ өкілдері, ғылым және мәдениет қайраткерлері, киноиндустрия, мемлекеттік органдардың өкілдері, белгілі блогерлер мен коммуникация факультеттерінің студенттері бар.

Форумда киноиндустрия және БАҚ саласындағы ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктері және басқа да мәселелер қарастырылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БАЛАЛАР ҚАЛАМГЕРІ

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі
Қастек Баянбай туралы бір үзік сыр



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Биыл бізде – «Балалар әдебиеті жылы». Мемлекет басшысы балалар әдебиетіне ерекше мән беріп: «Тіл игеру үшін балалар әдебиетінің атқаратын рөлі зор. Сондықтан қазақ қаламгерлерінің үздік шығармаларына қоса, балаларға арналған шет ел жазушыларының да таңдаулы туындыларын аударып, көптеп басып шығаруды және таратуды қолға алған жөн. Оған сұраныс жоғары», – деген болатын. Соған орай, мемлекеттік тапсырыс бойынша 40 балалар кітабын басып шығаруға бюджеттен 226 млн. теңге бөлінген. Бұл аз ба, көп пе, әйтеуір балалар әдебиетіне қолдау бар.

Жалпы, балалар тақырыбына кез келген адам қалам тербей бермейді. Себебі, бүлдіршіндердің жүрегіндегі, көңілдегісін деп басып жеткізу оңай емес. Биыл балалар жазушысы, көрнекті ақын Қастек Баянбай өмірден озды.

Қаламгердің «Атай неге солақай», «Тәтті сабақ», «Бір қоржын жаз», «Балаларға базарлық», «Кемпіркөсак», «Асар» кітаптарындағы өлеңдер мен әңгімелер балдырғандардың болмысына терең бойлайды.

Қастек Баянбайдың жұбайы – белгілі журналист, дербес зейнеткер Күлшат Баянбаева балалар жазушысын күрескер қаламгерлердің бірі еді деп еске алады.

– Өнер атаулының ішінде жазушылық деген бір бейнетті еңбек қой. Менің жұбайым шығармашылық жолын ересектер үшін жазатын лирик ақын болып бастады. Бірнеше сыршыл өлең жинақтары қалың оқырман мен әдеби қауымның назарын өзіне аудартып, ой-пікірлер айтқызды. Мұхаметжан Қаратаев, Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Жайсаңбек Молдағалиев, Сәкен Иманасов, Рафаэль Ниязбеков, Сұлтан Қалиев, Қаржаубай Омаров, Жанат Елшібек және басқа көптеген сынып, ақын-жазушылардың пікірімен айтқанда, Қастек Баянбай шығармаларын ой тереңдігі, ұлттық бояу қанықтығы, аз сөзділігі, бөтен сөз кірмейтін жұмырлығы, шебер ұйқастары, сан алуан жанры, нанымды шешімі, анық және дәл айту қалыбы ерекшелендіріп тұратынын жалпақ жүрты білді. Сөйтіп, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Қастек Баянбай балаларға арнап жыр жазатын үлкен ақын болды. Өзі айтқандай, балалық шағы басты тақырыбына айналып, жасы ұлғайған сайын сол бір қимас дәуренге жақындады, – дейді Күлшат апай.



Қастек Баянбай жарты ғасырлық шығармашылық ғұмырында оқырманына 30-ға жуық жыр кітабын, үш томдық таңдамалы шығармасын ұсынды. Ақынның әдебиетте жазбай танитын өзіндік қолтаңбасы қалды. «Тәтті сабақ» жинағына Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы берілді. Өлеңдері бастауыш сынып оқулықтарына, көмекші құралдарға еніп, кейбіріне әндер жазылған, ертегілері бойынша мультфильмдер түсірілген, орыс, украин, беларусь, өзбек, болгар, молдован, түркімен, әзербайжан, литван және басқа тілдерге аударылған. «Жалын» баспасында ұзақ жылдар қызмет істей жүріп,

«Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы» сериясымен көп томдықтар шығаруға тікелей басшылық етті. Өкінішке орай, нарық қыспағына байланысты жасақталған жиырма бес томдық серияның жолы үзіліп қалды.

Шығармашылық жолында жүрген екі жанның бір-біріне деген сүйіспеншілік сезімі ыстық болды. Үйлену тойы әлі есінде. Ол кезде дүркірете тойланатын қазан мерекесі күні Қастек ақынның туған ауылы Талдыбұлаққа жол тартты. Көңілді топ түс ауа тау етегіндегі табиғаты тамылжыған шағын ауылдың шетіне келіп кірді. Қолдарына бір-бір табақ көтерген әйелдер ақын келе жатқан машинамен жарысқа түскендей, тез-тез басып ілесіп келеді. Жас жұбайлар отырған көлік үйдің алдына келіп тоқтады. Жастар түсейін десе, құрт, кәмпіт шашулар машина қорабына тарсылдап жауып кеткені. Сәл бөгеліп қалды. «Түссеңші, көзілдірігімді сындыратын болды ғой», – дейді қалыңдықтың құрбысы асықтырып. Бәрі күліп жатыр сол мезет.

Екеуінің сүйіспеншілігінен екі қыз, екі ұл келді өмірге. «Жұбайымның бала ұстағаны қандай епті еді, көргендер сүйсінетін. Қыздарды – сегіз-тоғыз жасқа, ұлдарды тіпті бозбала болғанға дейін өзі жуындырды, тырнақтарын алды», – деп еске алады зайыбы. Бәлкім, нағыз балалар қаламгері бола білуінің де сыры осында жатқан шығар.

– Ол өзінің табиғи қалпымен өмір сүрді. Мен осындай іс атқардым деп мақтанбады, атақ-даңқ құмады. Қара қылды қақ жарғандай әділ сөзін айта білді. Қиын сәттерде өзінің аспай-саспайтын маңғаз, тау қозғалса қозғалмайтын сабырлы қалтын сақтап қалды. Менің ол кісіден үйренген, түйгендерім, алған сабағым өте көп болды. Шығармашылығына барынша адалдық танытты. Осы салада сезілетіндей сілкініс жасау үшін сіңірген еңбегі ұшан-теңіз болды және өзінің айрықша өлеңдерімен қазақ балалар әдебиетіндегі поэзияны жаңа сатыға көтерді дей аламын. Соңынан ерген, жүрегі бала деп соққан ізбасарлары көбейді. Ендігі жерде соларға ғұмыр берсін, балалар әдебиеті жаңа биіктерге көтеріле берсін деп тілеймін, – дейді Күлшат апай.

Лайым солай болғай!

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?

Жаңа көзқарас



Ө.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайында «Сезім ырғағы» дизайн және заманауи өнер көрмесі ашылды. Экспозиция

дәстүрлі бағыттар мен заманауи көзқарастарды, кескіндеме классикасы мен сандық технологияларды біріктіреді. Іс-шара қазақстандық және халықаралық жас суретшілерді, сәулетшілер мен дизайнерлерді ритм феноменін әртүрлі нысандар мен медиада: сәулет, музыка, кескіндеме, бейне және фотография тәжірибелері арқылы зерттеу үшін қосады.

Күні: көрме 28 қазанға дейін өтеді.

Жұмыс уақыты: 10.00-ден 17.00-ге дейін.

Өтетін орны: Ө.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайы («Көктем-3», 22/1).

Рухты көтеретін қойылым



М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театры жазушы, драматург Дулат Исабековтің «Жүз жылдық махаббат» атты қойылымын көрермендерге ұсынбақ. Спектакльде заманынан озып туып, соңына өшпес рухани мол мұра қалдырған, көрнекті ақын, Алаш ардагері Мағжан Жұмабаев тағдырының ақтандық тұстары суреттеледі. Еркін рухты, құдіретті жырлар жазған «нағыз ұлттың, әлеуметтің, халықтың сөзін сөйлеген» (М.Әуезов) Мағжан өмірі қиынқыстау уақытқа, небір кедергілерге қарамай ерінің соңынан іздеп сан рет барған, өмір бойы Мағжан рухын ардақтап, өзінің соңғы демі біткенше ұлы ақын жырларының кейінгі ұрпаққа жетуіне бар күш-жігерін салған Зылиханың естелігі арқылы беріледі. Басты рөлде Қазақстан «Серпер» Жастар одағы сыйлығының лауреаты Алмас Шаяхметов ойнайды.

Күні мен уақыты: 23 қазан 18.30-да.

Өтетін орны: М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театры.

Ассы сұлулығы



Алматының жанында табиғаттың керемет бұрышы, таза ауада серуендеу үшін тамаша орын бар. Ассы үстірттің теңіз деңгейінен 3 мың метр биіктікте, қаладан шығысқа қарай 100 шақырым жерде орналасқан. Үстірт Ассы өзенінің бойымен шығысқа қарай

созылып жатыр. Өзен бойынан ел аумағындағы петроглифтердің биік таулы шоғырларының бірі болып табылатын ежелгі қорғандар мен жартастағы суреттерді көруге болады.

Биік таулы үстірттің жоғарғы алаңында Ассы-Түрген астрофизикалық обсерваториясы салынды. Онда әлемдегі ең үлкен телескоптардың бірі орнатылған. Қалай жетуге болады: Құлжа трактісі бойымен жүріп отыру керек, содан кейін оңға қарай Есік қаласы жағына бұрыламыз, қала арқылы басты жолмен ешқайда бұрылмай жүреміз, одан әрі тас жолмен Түрген ауылына дейін барамыз. Түрген шатқалына кіреміз. Жолға асфальт төселген, екпосттан өтеміз, содан кейін 8 шақырымнан кейін Батан ауылы болады, мұнда асфальт аяқталып, праймер, қиыршық тас және тасты жол басталады.

ЖОБА



ДАЙЫНДЫҚСЫЗ ФИЛЬМДЕР сайысқа түсуде

Алматыда Орталық Азия елдерінің шығармашылық командаларының қатысуымен The 48 hour film project («48 сағат ішінде түсіру») халықаралық қысқаметражды фильмдер фестивалі өтіп жатыр.

The 48-hour film project – кино өнерінің кәсіпқойлары мен әуесқойларына өз талантын әлемге паш етуге мүмкіндік беретін бірегей жоба. Байқаудың басты шарты кинофестивальдің атауынан-ақ білінеді. Ұйымдастырушылардан электрондық пошта арқылы тапсырманы алған қатысушылар бірден 48 сағат ішінде фильм түсіруі керек. Шығармашылық топ мүшелері 1 секунд кешікпей 48 сағат ішінде сценарий жазып, оны түсіргеннен кейін өңдеп, дайын материалды конкурста жіберіп үлгеруге тиіс.

4 минутқа созылатын әр фильмде белгілі бір екі тақырып, фраза және кейіпкер пайда болуы керек делінген. Биылғы жылы тапсырма бойынша картинада су, 30 саны, «Оп-оңай!» сөзі мен жүгіріп келе жатқан адам көрінуі қажет. Мұның барлығы фильмнің алдын ала дайындалмай, шарт бойынша 48 сағаттың ішінде түсірілуі үшін жасалады. Қазылар алқасы әртүрлі номинация бойынша 48 үздік жұмысты таңдайды. «Үздік фильм» номинациясының жеңімпазы Нью-Йорктегі New York Film Academy-дің қарқынды фильммейкинг курсына жолдама алады. Сондай-ақ, сайысқа 2500 АҚШ доллары, SONY ILC-E6400L камерасы мен басқа да сыйлықтар тігілген.

Қазақстандағы АҚШ дипломатиялық миссиясы қолдауымен «48 сағатта түсіру» байқауы осымен бесінші рет өткізіліп отыр.

«Жыл сайын конкурс ауқымды бола түсуде. Биыл да көптеген қатысушылар белсенді түрде өздерінің жұмыстарын жіберіп жатыр. Америкада кино тек өнер ғана емес, бизнес көзі. Біз Орталық Азияда кино жасап, оны дамытып жүргендердің үлкен әлеуетін көріп отырмыз», – деді Алматыдағы АҚШ Бас консулы Эрик Майер.

Биыл жарысқа Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстаннан келген 976 команда қатысады. Біздің елден барлығы 153 шығармашылық топ қатысса, оның басым көпшілігі, яғни 87 үміткер – Алматы жастары. Гранд-финал және жеңімпаздарды жариялау қарсаңында Қазақстан кинотеатрларында байқау жұмыстарының дәстүрлі кинокөрсетілімдері өтті. Барлығы 249 фильм жеңімпаз болу мүмкіндігі үшін күреседі.

Динара МҰРАТ.

КИНО ӘЛЕМІ



«МУҚАҒАЛИ» фильмі жарыққа шықты

Белгілі режиссер Болат Қалымбетовтың «Мұқағали» атты фильмінің халықаралық премьерасы Таллинде өтеді.

Сондай-ақ, көркем фильм Эстонияда өтетін мерейлі XXV Таллин кинофестивалінің «Күнгірт түндер» (PÖFF) негізгі конкурстық бағдарламасына енгізілді. Бұл фильмнің Алматыда өткен тұсаукесері кезінде айтылды. Аталған іс-шараға Мұқағали Мақатаевтың ұлы мен келіні – Жүлдіз және Бакыткүл Мақатаевтар да қатысты. Олар шығармашылық жұмысқа алғыс білдіріп, ақынның 90 жылдығына орай шығарылған мерейтойлық медальдарды табыс етті.

«А» санатындағы «Күнгірт түндер» кинофестивалі 1997 жылдан бері өткізіліп келеді. Бұл – Балтық жағалауындағы ең үлкен фестиваль және

«Біз фестивальдің 25 жылдық мерейтойына таңдалған фильмдерді мақтан тұтамыз, олар таңқалдырады, әрі өзіңе жаңа нәрсені ашуға мүмкіндік береді және жүректің түбіне дейін бойлайды», –

Аталған фильмді еліміздің барлық кинотеатрларынан көруге болады. «Мұқағали» фильмі 21 қазанда жалпыұлттық прокатқа шықты.

Көркем туындының эпизодтық рөлдерінің бірінде біздің әріптесіміз



Шығыс Еуропадағы ең ірі кинокөрсетілімдердің бірі. Фестивальді ұйымдастырушылардың айтуынша, биыл PÖFF-тің негізгі конкурстық бағдарламасына барлығы 19 фильм енгізілген, олардың арасында қазірдің өзінде марапатталған фильмдер мен көптеген дүниежүзілік және халықаралық премьералар бар.

деді PÖFF директоры Тийна Локк. Айта кетерлігі, фестивальдің басты байқауында қазақстандық режиссер Әділхан Ержановтың «Ұжымдық иммунитет» фильмі де бақ сынады. Сонымен қатар, «Жастар фильмі» байқау бағдарламасында режиссер Фархат Шәріповтің «18 килогерц» фильмі бар.

белгілі журналист Жәнібек Сүлеев ойнады.

«Бұл менің кинодағы дебютім еді. Мен Мұқағали Мақатаевқа адам және ақын ретінде үлкен құрметпен қараймын. Фильмде қайта жасалған Алматының 70-ші жылдардағы атмосферасы мен рухы көрермен қауымды таңқалдырады деген сенімдемін. Түсіру барысы ерекше өтті, кинода ақынның жанды дауысы қойылды. Алдағы уақытта киноны көрермендер жақсы қабылдайды деген үміттемін, біз өз тарихымызды білуіміз керек» – дейді жас актер Жәнібек Сүлеев. Аталған фильмді еліміздің барлық кинотеатрларынан көруге болады.

Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

Өткен мен болашақтың арасында

Қазақстан Республикасы Орталық музейі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған «Тұмар-арт» республикалық суретші-педагогтер қауымдастығының «Қазақстан: кеше, бүгін, ертең» көрмесін ашады.



Көрме экспозициясында педагог-суретшілердің әртүрлі жанрлар мен техникалардағы жұмыстары ұсынылған, олар еліміздің тарихы мен қазіргі даму тақырыбын бейнелейді. «Тұмар-арт» көрмесінде бейнелеу және қолданбалы өнердің түрлі жанрындағы 100-ден астам жұмыс қойылған.

Күні мен уақыты: көрме 31 қазанға дейін жалғасады.

Жұмыс уақыты: 10.00- ден 17.30-ға дейін.

Өтетін орны: ҚР Орталық мемлекеттік мұражайы («Самал-1», 44-үй).

Ұлы дала тарихы




дәуірден жаңа заманға дейінгі қазақ мемлекеті тарихының шынайы сипатын қайта жаңғыртатын шетелдік мұрағат қорларындағы тарихи ескерткіштердің қолда бар және жаңа бірегей көшірмелерін көрсету.

Экспозиция 40 фотокүжаттан тұрады және қазақтың тарихи-мәдени көріністерінің хронологиялық реттілігі мен саналуандығын көрсетеді. Көрмеде қазақ халқының тарихы мен мәдениеті бойынша ең қызықты және маңызды экспонаттар, сондай-ақ шет елдердің (Қытай, Франция, Ұлыбритания, Швейцария, Италия, Венгрия) мұрағаттарынан, қорлары мен мұражай жинақтарынан алынған көрнекі артефактілердің көшірмелері ұсынылған. Сондай-ақ, Шығыстану институты ғалымдарының еңбектерін көруге болады.

Күні мен уақыты: көрме 30 қазанға дейін жалғасады. Жұмыс уақыты 10.00- ден 17.00-ге дейін.

Өтетін орны: Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайы («Көктем-3», 22/1).

Жанр классикасы



Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармонияда «Әуенді Сарыарқа» XXII халықаралық фестивалі аясында Е.Рахмадиев атындағы симфониялық оркестр мен халықаралық байқаулардың лауреаты Мирослав Култышевтің (фортепиано, Санкт-Петербург) қатысуымен Классикалық музыка концерті өтеді. Оркестрдің дирижері – ҚР еңбек сіңірген қайраткері Петр Грибанов. Концерт бағдарламасында Е.Рахмадиев, С.Рахманинов, П.Чайковскийдің шығармалары орындалады.

Күні мен уақыты: 23 қазан, басталуы сағат 18.00.

Өтетін орны: Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы (Қалдақов көшесі, 35).

Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



БРИФИНГ

БІЗДІ ДЕ «ДЕЛЬТА»
АЛАҢДАТЫП ОТЫР

Алматыда КВИ көрсеткіші төмендеуде. Бірақ санитарлық талаптарды қатаң сақтауымыз керек. Өйткені, эпидемиологиялық бағалау матрицасы бойынша мегаполис әлі «қызыл аймақта».

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында қаланың мемлекеттік бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин коронавируспен сырқаттанушылық деңгейінің төмендеуіне байланысты шектеу іс-шараларын жоспарлы түрде жеңілдету басталғанын атап өтті. Дегенмен, шектеу шаралары ұжымдық иммунитетке жеткенге дейін сақталуы тиіс екенін айтты. «Дерттің төмендеуі қарқыны сақталған жағдайда айдың

соңында тәулігіне 300-ден аз жағдай болады деп болжануда. Тиісінше, апталық сырқаттанушылық көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 121,6 апта бұрын 113,9 жағдайға дейін төмендеуде», — деп болжам жасады Ж.Бекшин.

Оның пікірінше, ауру көрсеткішінің тұрақтануына халықтың иммунитеті қабатының өсуі себеп. Сонымен қатар, КВИ науқастарымен байланыста болған адамдардың қоғамдық орындарға баруын шектеуге тыйым салу ықпал еткен. Инфекцияның таралуын азайтуға Ashyq жобасының да елеулі әсері бар дейді мамандар.

Баршаға мәлім, қазір көрші Ресейде ковид айтарлықтай өршіді. Соның салдарынан өлім-жітім де шектен тыс көбейген. Сондықтан спикер Алматыда Еуропа елдері мен Ресейден келгендерге бақылау күшейтілгенін атап өтті. Яғни көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының эпидемиолог мамандары мен медицина қызметкерлері осы елдерден Алматы халықаралық әуежайына келгендерді бақылауды күшейтті. «Ресей Федерациясындағы жағдай күрделене түсті. Румыния, Ұлыбритания және Балтық елдерінде де ахуал

ушыққан. Дәл қазір бізді ковидтің «дельта» нұсқасы алаңдатып отыр. Егер бұрын диарея сияқты КВИ симптомы басым болса, бүгінде оған нейро-токсикалық синдром қосылды, бұл есте сақтау қабілетінің нашарлауы. Науқастар ауруханаға түскен кезде есін жоғалтады. Бас миы зақымданады, ауырып жазылған адамды постковидтік синдром болады», — деп хабарлады Ж.Бекшин.

Ол қауіпті аймақта әлі де қарт адамдардың тұрғанын айтты. «Индетті ең көп жұқтырғандар — 20–39 жастағы азаматтар, олар бір аптадағы көрсеткіштің 28%-ын құрайды, 24%-ы — 40–59 жастағы тұрғындар, 25%-ы — 60 жасстан асқандар. Соңғы аптада балалар мен жасөспірімдер арасында аурудың 2,6%-ға өскені байқалады», — деді бас санитарлық дәрігер.

Сондықтан бұл індетке төтеп бере алу үшін иммунитет қабатымызды 80%-ға жеткізу керек деп санайды. «Қазір иммунитет қабат 54%-ды құрайды. Егер осы қарқынды сақтап қалатын болсақ, онда вакциналау мерзімі жыл соңына дейін созылып, 70%-ға жетуі мүмкін», — деді Ж.Бекшин.

Бас санитарлық дәрігер қазіргі коронавирустың «дельта» нұсқасының өте қауіпті екенін, Алматыда осыған қатысты жағдайдың 95%-ының тіркелгенін, ауырып жазылғандар арасында ағзаның әлсіреуі мүмкін екенін еске салды.

PFIZER ВАКЦИНАСЫ

Алматының барлық егу пунктінде Pfizer вакцинасы егіледі. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен онлайн-брифинг барысында қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы Нариман Табынбаев мәлімдеді.

Pfizer кімдерге
егіледі?АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Спикердің айтуынша, бүгінде Алматыда барлығы 137 екпе егу пункті жұмыс істеп тұр.

«Үкімет бірінші кезеңде вакцинацияланатын үш басым топты анықтады. 12–18 жас аралығындағы балаларды, сондай-ақ жұкті және бала емізетін әйелдерді вакцинациялау үшін Pfizer препаратын әкелу жоспарлануда. Сонымен қатар, бұл вакцинаны мектептерге бару арқылы жүргізуге рұқсат етіледі. Қазіргі уақытта Алматыда осы жастағы вакци-

нациялауға жататын 174 600 бала бар. Бала емізетін әйелдер — шамамен 67 000, жұкті әйелдер — 20 500. Бізде бұл тізімдер бар. Вакциналау ерікті түрде және ата-аналардың келісімімен жүргізіледі», — деді Алматы ҚДБ басшысы.

Айта кететін жайт, Pfizer вакцинасы 60–90 градус температурада сақталуы тиіс. Бұл оны әзірлеушілердің басты талабы көрінеді. «Ерітілгеннен кейін ампулаларды 2–8 градус температурада сақтауға болады. Препаратты жалпы алғанда 30 күнге дейін суық тізбекті сақтай отырып қолдануға болады, осы уақыт ішінде ол өзінің қасиеттерін сақтайды», — деп толықтырды Н.Табынбаев.

Алматы ҚДБ басшысы бүгінде вакцинаның бірінші компонентін 983 267 адам алғанын, екінші компонентін 908 697 қала тұрғыны салдырғанын хабарлады. Ол коронавирусқа қарсы вакциналану денсаулыққа зиянды әрі соңы өлімге апаратын дерттен қорғанудың ең тиімді және жалғыз әдісі екенін атап өтті.

ОНКОЛОГИЯ

Ауруды асқындырмаған абзал

Алматы онкологтары биыл
13 мыңнан астам науқасты емдедіАйнұр
СЕНБАЕВА

Қазіргі таңда Алматының онкологиялық орталығында 27 мыңнан астам науқас есепте тұр. Бұл көрсеткіш жыл сайын өсіп келеді. Тіркеледі тұрғандардың санының өсуіне онкологиялық аурулардың жаңа жағдайларын анықтау ғана емес, онкологиялық науқастардың өмір сүру ұзақтығын арттыру да әсер етіп отыр. Алматы онкологиялық орталығының директоры Нұрсұлтан Ізбағамбетовтің айтуынша, кейінгі жылдары онкологиядан болатын өлім-жітім 10 пайызға төмендеді. Дәрігер келтірген мәліметке сәйкес, әлемде жыл сайын 18 миллионнан астам адам онкологиямен ауырады.

«Жыл сайын Алматыда қатерлі ісікке шалдыққан 4 мыңнан астам пациент анықталады. Салмағы шамадан тыс артық, иммунитеті төмен, қабыну аурулары бар адамдар қатерлі ісікпен жиі ауырады. Сондай-ақ, темекі шегетін, алкогольді ішімдіктерді, газдалған сусындарды көп ішетін, фаст-фуд секілді зиянды тағамдармен тамақтанатын адамдардың ағзасы онкологиялық ауруларға бейім келеді. Бұл ауруға радиация және тұқым қуалайтын факторлар да теріс әсер етеді», — деп атап өтті Онкологиялық орталықтың директоры.

Қаладағы Онкологиялық орталықтың жұмысы туралы айта келе, Н.Ізбағамбетов 2021 жылдың басынан бері мегаполис тұрғындарында онкологияның 3317 жаңа жағдайы анықталғанын айтты. Ауыр дертке шалдыққандарды тексеру нәтижесіне бірінші орында — сүт безі обыры, екінші орында — тоқшық обыры, үшінші орында — өкпе

обыры, төртінші орында — асқазан обыры, бесінші орында — аналық без обыры тұрғаны анықталды. Дәрігердің айтуынша, биылғы жылы күрделі эпидемиологиялық жағдайға қарамастан, әрбір пациентті емдеу барлық ережелер бойынша жүргізіліп келеді.

Онколог-дәрігерлер қатерлі ісікке шалдыққан науқастарда COVID-19 салдарынан иммунитеттің төмендейтінін, емдеуді қиындайтынын айтты. Сондықтан олар пациенттердің жағдайларына



байланысты вакцина салуды ұсынады. Вакцинаның бірінші және екінші дозаларын енгізу онкологиялық ауруды емдеудің басталу мерзіміне әсер етпеуі үшін вакциналау мерзімдері алдын ала есептеледі.

Н.Ізбағамбетов Алматының Онкологиялық орталығының заманауи медициналық құрылғылармен жабдықталғанын, бұл жылына 2,5 мыңнан астам операция жасауға мүмкіндік беретінін айтты. Сонымен қатар, операциялардың 50%-дан астамы лапароскопиялық әдістермен жүзеге асады, яғни пациенттің денесінде барынша жаракаты аз болады.

«Биыл емделген пациенттердің саны 13 256 адамды құрайды, бұл

өткен жылмен салыстырғанда, үш мыңға көп. 2 мыңнан астам күрделі операция жасалды. Скринингтің және онкологиялық науқастарды ерте диагностикалаудың, сондай-ақ емдеуден 100 пайыз қамтудың арқасында қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім көрсеткіші 10,6%-ға төмендеді», — деп атап өтті Орталық директоры.

Дәрігер жүргізіліп жатқан скринингтер өте маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Мысалы, тексерулердің арқасында 148 обыр жағдайы және қатерлі ісікке айналу қаупі бар 9304 жағдай анықталған.

«Қатерлі ісік ауруының 90%-ы аурудың 1-2 сатысында скрининг арқылы анықталғанын атап өткім келеді. Әрине, мұндай жағдайларда емдеу тиімдірек және толық емдеуге мүмкіндік бар. Сондықтан скринингтен өту маңызды. Скрининг қатерлі ісікті ерте сатысында анықтауға мүмкіндік береді. Уақыт өткен сайын обыр асқына береді. Ауру асқынған кезде оны емдеу де оңайға түспейді», — дейді Орталық директоры Н.Ізбағамбетов.

Алматыдағы Онкологиялық орталықтың онколог-дәрігерлер пациенттерге үйде де көмек көрсетеді, биыл 3436 мобильді бригада шұғыл шақыруларға шықты. Бүгінде еліміздің басқа өңірлерінен Алматыда 560 онкологиялық науқас тіркелген, бұл өткен жылдан екі есе көп. Демек, әрбір бесінші пациент дәрігерге дер кезінде тексерілмеген. Дертті асқындырып алмау үшін онколог-мамандар қала мен ел тұрғындарын емханаларда тегін скринингтен белсенді өтуге, жыл сайын флюорография жасап тұруға денсаулықтарын дұрыс қадағалауға шақырады.

БАҒА

Тізім кеңейтілді

Алматы қаласы мәслихаты 2020 жылдың 30 қазанындағы «Дәрі-дәрмекпен қосымша қамтамасыз ету туралы» шешімге толықтырулар енгізетін шешім жобасын дайындады.



Енді бюджеттен дәрі-дәрмектер Алматы қаласының тұрғындарына келесі аурулар бойынша қамтамасыз етілетін болады:

- катал адам синдромы — октагам;
- ойық жара — адалимумаб;
- бұлшықет дистрофиясы — этеплирсен, дефлазакорт, голодирсен;
- цистикалық фиброз — стерильденген Нутриэт стандарты 200 мл., Нутриэт энергиясы 200 мл., Нутриэт стандарты 350 г.

Жоба 4 қарашаға дейін қоғамдық талқылауға шығарылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Екпе алуға белсенділік
бәсеңдеуАйнұр
НҮРСАБЕТ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, коронавирус індетінен әлемде 180 мыңға жуық медицина қызметкері көз жұмған. Пандемия бүкіл халықтың, әсіресе, ақ халаттылардың өміріне үлкен қауіп төндірді.

Біздің елімізде ковидтің беті аздап қайтқанымен, көптеген шет елде әлі де жағдай тұрақсыз. Айталық, Сингапур денсаулық сақтау жүйесіндегі жүктемені азайту үшін COVID-19-ға байланысты шектеулерді бір айға ұзартты. Сондай-ақ, бұл елде

дәмханалар мен мейрамханаларда екеуден артық адамның жиналуына тыйым салынды және көптеген кәсіпорындардың қызметкерлері үшін қашықтан жұмыс жасау режимі енгізілді. Ал Австралияның ең ірі сауда желілерінің қызметкерлері COVID-19 вакцинациясын салдыруға міндеттелді. Sydney Morning Herald газетінің хабарлауынша, 250 мыңнан астам қызметкер COVID-19-ға қарсы толық вакцинациядан өтуі керек. ДДҰ мәлідемесінше, медициналық қызметкерлер арасында жаппай вакцина алуға әлі де белсенділік бәсеңдеу. Бұған кейбір табысы төмен мемлекеттердің вакцинаға қол жеткізе алмай отырғаны себеп болып отыр.



#QAZAQSTAN30



«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»



Өркен АДАЕВ,
ҚазҰУ магистранты:

– Мектеп қабырғасында оқып жүргенімде шет елге көп қызығатынмын, кейде тіпті көшіп те кеткім келетін. 9-сыныпқа дейін осы ойда болдым, ағылшын тілінде өлеңдер тындап, мәдениетін бойыма сіңіріп жүрдім. Алайда, уақыт өте келе осы ойымды тарих пәнінен беретін ұстазым өзгертті. Ол кісі өз ісінің нағыз маманы еді, тарихты оған дейін мүлде оқымайтынмын. Елінің тарихын білген адамда патриоттық сезім оянады екен, солай асықпай орысша кітап оқып жүрген мен, қазақ классиктеріне ауысып кеттім. Арман, мақсаттар пайда бола бастады. Еліме бір пайдәм тисінші деген ой келді. Осылайша еліміздегі өндірісті дамыту мақсатында инженер боламын деп шештім. Ұлттық бірыңғай тест тапсырып, грант иегері атандым. Тәуелсіз елде өмір сүріп жатқанымынның арқасында мемлекеттік грант ұтып, сол арқылы 4 жыл оқып шықтым. Ақырында техника ғылымының бакалавры болдым. Жоғары оқу орын үлкен өмірге дайындайды десем, еш қателеспеспін. Кезінде Инстаграмда және әлеуметтік желілерде аккаунттарды орысша жүргізетін едім. Қазір барлығы қазақша. Өзімнің қазақи болмысымды ашып, өз жолымды таптым. Осындай мемлекетте тұрып жатқаныма қуанамын. Көбі сұрақ қояды, «неге оқуынды шет елде жалғастырмайсың?» деп. Бірақ мен өз елімде, туған жерімде қалып, елімді дамытуды мақсат тұтамын.



Адем ОСПАНОВА,
«Leaga volunteers»
ұйымының еріктісі:

– Тәуелсіздіктің арқасында мектеп қабырғасынан бастап түрлі дебаттарға қатыстым, ойымды өзімнің ортама да ғана емес, жұрттың алдына шығып жеткіздім. Осылайша өзімді де, достарымды да патриот жастардың қатарынан табылуға үгіттедім. Ерікті болып жүрген кезімде көмекке мұқтаж отбасыларға қолұшын созып, талай адамдармен жолығып, диалогқа кезде халықтың шынайы тұрмыс-тіршілігімен таныс болдым. Менің ойымша, бүгінгі күннің жастары білімді де білікті, мейірімді болуы қажет. Сол кезде еліміз дамыған елдердің қатарында сап түзейтіні айдан анық. Сонымен қатар, кез келген адам өзін-өзі тәрбиелеуі үшін алдына мақсат қойып, сол мақсатын айқындап алуды үйренуі керек. Өйткені, мақсат – өмірдің ең негізгі өзегі. Сол мақсатқа жету үшін кез келген жан-адам қиындықтарды бағалай біліп, «өз өмірім өзіме құнды» деген қағиданы назарында ұстап, өмір бойы тек алға ұмтылуға тиіс. Үйрену арқылы адамдар ұрпақтар байланысын жалғастырады, дәстүр сабақтастығының не екенін ұғына түседі. Расында, еліне қызмет етіп жүрген әр азаматтың жетістігі – Тәуелсіз, бейбіт ел болуымыздың арқасы. Бүгінде бәріміз тәуелсіздігіміздің жемісін жеп отырмыз. Сол үшін еліміздің еркіндігін қадірлей білейік.

Әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ҒЫЛЫМ

Көмірқышқыл газ кәдеге асты



Әсел
ДАҒЖАН

АҚШ шеберлері көмірқышқыл газынан гауһар тастар мен көзілдіріктер жасады.

АҚШ шеберлері көмірқышқыл газынан гауһарлар, күн сәулесінен қорғайтын көзілдірік және тіпті бетон жасай бастады. Бір ғана көмірқышқыл газынан қымбат тастар өндіретін компаниялардың биылғы табысы 800 миллион доллардан асқан. Бұл 2020 жылғы пайдамен салыстырғанда, 3 есе көп. Кәсіпкерлер әдетте қоршаған орта үшін зиянды деп саналатын көмірқышқыл газын жана-ша игерудің ғаламдық жылынумен күресте маңызы зор деп есептейді.

КОНФЕРЕНЦИЯ



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Алматы қаласындағы Нұр-Мұбарак университетінің ғимаратында осы тақырыпта республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Шараның негізгі бөлімінде бірқатар тарихшы ғалымдар, қоғам қайраткерлері мен өлкетанушылар құттықтау сөз сөйлеп, баяндама жасады. Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры Серік Сейдуманов, тарих ғылымының докторы, ҰҒА академигі Дархан Қыдырәлі, Нұр-Мұбарак университетінің проректоры Қайрат Құрманбай құттықтау сөз сөйлеп, жиын жұмысына табыс тіледі.

Баяндамашылар кеңестік биліктің дінге қарсы репрессиялық шаралары жайлы баяндады. «Негізінде, діндарларға қарсы саясат патшалық Ресей кезінде басталды. Осы саясатты большевиктер жалғастырды. Билікті Сталин өз қолына алғаннан кейін сталинизм идеологиясына негізделген дінге қарсы саясат жүргізілді. Бұл саясаттың түпкі негізі, істеген қылмыстары барынша адамишылыққа қарсы антигуманистік сипатта болды», – деді Философия, саясаттану және дінтану институты дінтану бөлімінің меңгерушісі Бақытжан Сатершинов.



БРИФИНГ

«САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ»

Жылыту маусымында 148 мыңнан астам жеке үй есепке алынды



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Кеше Өңірлік коммуникациялар қызметінде қысқы кезеңде халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде брифинг өтті. Онда Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары Самат Асаинов жылу беру маусымындағы қауіпсіздік ережелеріне жан-жақты тоқталды.

С.Асаиновтың айтуынша, 2021-2022 жылдардағы жылу беру кезеңіне дайындық аясында Алматының 148 346 жеке тұрғын үйі есепке алынған. Оның ішінде қатты отынмен жылытылатын 3148 үй мен 30 395 қаңқалы-камыс үйлер бар.

«Жыл сайын жылыту маусымы басталғанға дейін біз жеке сектор тұрғындары арасында кең ауқымды жұмыс жүргізіміз. Ақаулы электр жылыту аспаптары мен пешпен жылытуды пайдалануға байланысты салдарлар туралы ескертеміз. Біз жеке үйлерді аралап шығамыз. Халықтың әлеуметтік осал топтарына ерекше назар аударамыз. Биыл 1326 әлеуметтік осал отбасы және 1876 адам асоциалды өмір салтын жүргізетін азаматтар есепке алынды», – деді С.Асаинов.

Жылыту маусымында әр отбасымен қауіпсіздік туралы профилактикалық әңгімелер жүргізілді. Тексеру қорытындысы бойынша 354 үй қанағаттанарлықсыз жағдайда екені белгілі болды. Олар туралы мәліметтер атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін аудандық әкімдіктер мен Әлеуметтік әл-ауқат басқармасына берілді.

Сонымен қатар, Алматы қаласы ТЖД бастығының орынбасары қалада «Көмек қол» акциясы өткенін, оның аясында халықтың әлеуметтік осал топтарына атаулы өрт-профилактикалық көмек көрсетілгенін, пештердің түгін мұржаларын тазалау, жарықтарды бітеу, түгін каналдары өтетін жерлердегі қабырғаларды ақтау, сондай-ақ 28 улы газ датчигі орнатылғанын айтты. Бүгінде барлығы 1288 жеке тұрғын үй қатты отынмен жабдықталған.

«Қазақстандағы «дін дүрбелеңі»: кеңестік биліктің дінге қарсы репрессиялық шаралары»



Жиын барысында Бас мүфти Кеңес заманында дінді қоғамдық өмірден ысырудың барлық амалы жасалып, осы бағытта идеологиялық жоспар құрылғанын баса айтты. Сондай-ақ, пәрменді түрде діннің мемлекет құрылымынан, адамдардың жеке өмірінен алыстатылғанын айтты.

«Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Бүгін мінеки, Нұр-

Мұбарак университетінде республикалық конференция ұйымдастырылып жатыр. Бүгін конференция басында арнайы Құран оқып, Отан үшін құрбан болған бабаларымыздың рухына бағыштадық. Бұл – біздің ұрпақ ретіндегі міндетіміз», – деді ҚМДБ төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы.

Сондай-ақ, Талас Омарбеков өз баяндамасында Ахмет Әділбаев деген молданың Сталинге жазған хатынан үзінді оқып, қудаланған дін қайраткерлерін ақтау жолында тізе қосып еңбектену керектігін алға тартты. Сонымен қатар, XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы кеңестік биліктің дін қайраткерлеріне ұстанымы, қасіретті сипаты мен салдарлары жайлы сөз қозғады. «Дін өкілдері дүние жинамады. Сондықтан 20-жылдардағы кәмпескеу науқанына ілінібеді. Алайда, 30-жылдары қазақ даласында бұрқ еткен халық көтерілістерінің басында дін өкілдері тұрды» дей келе, Жұмағазы хазірет, Ақмырза имам секілді дін қайраткерлерінің қажырлы еңбектерін, олардың өздері мен отбасыларының қалай қудаланғанын бүгінгі ұрпақ білуі қажет», – дейді әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымының докторы, ҰҒА академигі Талас Омарбеков. Сондай-ақ, ғалым архив деректеріне сүйене отырып, дін қайраткерлері мен ұлт зиялылары арасында рухани байланыс болғанын алға тартты. Сол себепті, дін қайраткерлеріне «антисоветтік үгіт жүргізді, контрреволюциялық әрекетке барды, тыңшылықпен айналысты» дегендей айыптар тағылып, қуғын-сүргін көргенін атап өтті.

Жиын соңында теориялық және тарихи тұрғыдан қарастырылған Қазақстанның жалпы және жекелеген аймақтарына қатысты баяндамаларды түйіндей келе, конференция жұмысының нәтижесі ретінде қарар қабылданды.



С.Асаинов ТЖД қызметкерлері әлі де әрбір үйді мұқият тексеріп, түсіндіру жұмыстарын жүргізетінін айтты. Жеке сектордағы үйлердегі қауіпсіздікті әкімдік қызметкерлерімен бірге, «ҚазТрансГаз-Аймақ» өндірістік филиалы өкілдері жүйелі түрде тексеріп отырады. Олар биыл 147 мыңнан астам тұрғын үйлерді аралаған. Өрт қауіпсіздігі шаралары, сондай-ақ тұрмыстық газды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы жадынамалар табыс етілді.

Тексеру тобы үйлерді аралау барысында 1000-нан астам өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзған тұрғындарды анықталды. Оларға анықталған заңсыздықтарды жою бойынша ұсынымдар берілген.

Осы тұста биыл Алматыда жылу беру маусымында тұрғын үй секторында 549 өрт тіркелгенін айта кеткен жөн. Материалдық

шығын 16 млн. теңгені құрады. Тілсіз жаудың салдарынан 5 адам қаза тауып, 14 адам жарақат алған. Екі адам уланып, соңы қайғылы жағдаймен аяқталған. Одан бөлек, 15 азамат көміртегі газымен уланған.

«Барлық өрттердің себептері өрт қауіпсіздігі тәртібін елеуі және азаматтардың әлеуметтік жауапкершілігінің төмендігі, сондай-ақ тұрғын үй қорының жоғары деңгейде тозуы салдарынан болған. Қазіргі үйлердегі пештердің шамамен 25%-ының пайдалану мерзімі 50 жылдан асып кеткен», – деді С.Асаинов.

ТЖД басшысының орынбасары Алматыда пешпен жылытылатын үйлер саны азайып келе жатса да табиғи газбен улану арқылы өлім қаупі артып келе жатқанын айтты. Биыл 31 адам табиғи газбен уланып, оның ішінде 16 бала бар.

АҚПАРАТ: АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

Дүниежүзілік ақпарат тарату күні 1994 жылдан бері Халықаралық ақпараттандыру академиясының бастамасымен 22 қазанда аталып өтуде.

Айжан БҮРКІТБАЕВА

Ақпарат – қазіргі күннің басты құндылықтарының бірі. Бүгін сандық әлем тұсында «айшылық жерлерден жылдам хабар алғызу» қиынға түспейді. Алайда, ақпарат таратуға деген жауапкершілік күн санап төмендеп келеді. Ал Дүниежүзілік ақпарат тарату күні мереке-сінің басты мақсаты жалған ақпарат таратудан арылуға бағытталған.

Сонғы кездері елімізде БАҚ пен әлеуметтік желілерде жалған ақпарат тарату мен арандатушылық жиілеп келеді. Мұндай ақпараттық

хабарлар вакциналау, тіл мәселесі, босқындардың келуіне байланысты да тараған болатын. Еліміздің заңы бойынша жалған ақпарат таратқандарға 20 АЕК сомасындағы айыппұлдан бастап, 7 жылға бас бостандығынан айыру көзделген.

Жалған ақпаратты кімдер таратады? Оларды таратуға не себеп? Оның себебін психолог мамандардан сұрап көрдік.

Әр ақпараттың бұқараға тарап, қоғамдық деңгейде талқыға түсуі, оның нәтижесі әр саналы азаматтың үлесінде. Ал сол қарапайым интернет қолданушысының ақпараттық қауіпсіздікке тигізер көмегі – бар болғаны ақпараттың ақ-қарасын ажыратып, тиісті шара қолдану.



ДӘРІС

Ұсынысты құп алды

Рая ЕСКЕНДІР

Қаламызда мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған бірнеше мектеп-интернат бар. Сол мекемелерде тәрбиеленіп жатқан балалардың да өз әлемі, алға қойған мақсат-мұраты ерекше.

Олар да көңілге қонақтаған армандарын көпшілікке жеткізгісі, ортаға салып ой түйгісі келеді. Әсіресе, өз қолдарымен сурет салып, бұйым жасағанды жақсы көреді. Өздерінің өнерлі, қолдарының епекті екенін көпшілікке танытқысы келеді. Жақында қаламыздағы №2 Тірек тұтыну аппараты бұзылған балаларға арналған мектеп-интернаты Алматы Оқушылар сарайына хат жолдап, балалармен жұмыс істейтін қосымша білім беретін педагогтердің аса қажет екенін баяндаған еді. Көп ұзамай арнаулы мекеменің ұсынысы қолдау тауып, Оқушылар сарайының педагогтері Вероника Кулакова мен Раушан Болатоваға қосымша сағат бөлінді. Ендігі жерде педагогтер №2 мектеп-интернатында тәрбиеленіп жатқан 169 балаға дәріс беріп, олардың өмірге деген қызығушылығын арттыратын болады.

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

МАМАН КЕҢЕСІ

Айгерім ЖАНДІЛДӘ, қылмыстық психолог:

– Кез келген бала табиғатынан сезімтал келеді. Тіпті, оған ата-анасы сөзбен айтпаса да, не айтқысы келгенін сезіп-біліп тұрады. Ата-ана баласына қатысты қандай да бір шындықты қабылдағысы келмесе, балалар өтірік айтуға дағдылана бастайды. Өйткені, бала үшін ең жақын адамының махаббатынан айырылып қалу – қасірет. Балалық шағынан жазадан құтылып кету үшін өтірік айтуға дағдыланған бала, өсе келе жалған ақпараттар таратуға да жақын болып келеді. Бұдан шығатын қорытынды – жалған ақпарат тарату мен

арандатушылық жасап жүрген адамдар бойындағы осындай қасиеттер бала кезінен бастап қалыптасады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пандемияға байланысты жолдаған Үндеуінде жалған ақпарат таратушыларға арнайы тоқталған болатын. Ол теріс ақпарат таратып жүрген арам пиғылды адамдардың әрекеттері орын алып жатқанын айтып, мұндай әрекеттерге тосқауыл қою керегін жеткізді. Ел Президенті құқық қорғау органдарының осындай жөнсіздікке қатысты қатаң шаралар қолданатынын мәлімдеген-ді.

Жалпы, мұндай құқықбұзушылыққа қандай жаза қолданады? Бұл туралы заңгер мамандар өз кеңестерімен бөлісті.

Ерлан ТҮҢҒЫШБЕКҰЛЫ, заңгер-адвокат:

– Елімізде жалған ақпарат таратқаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Қылмыстық Кодекстің 274-бабы «Көрінеу жалған ақпарат тарату» – қоғамдық тәртіпті бұзу немесе азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру қаупін төндіретін көрінеу жалған ақпарат тарату деп көрсетілген. Ал Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 476-бабына сәйкес, Төтенше жағдайдың жариялануына байланысты мемлекеттік орган белгілеген режимді бұзу немесе талаптарды орындамау – ескерту жасауға немесе 10 АЕК мөлшерінде айыппұл

салуға не 15 тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға әкеліп соқтырады. Бұл Қазақстан Республикасы «Төтенше жағдай туралы» заңының 22-бабында нақты жазылған. Сонымен қатар, осы заңның 478-бабында Төтенше жағдай кезінде құқықтық тәртіпті бұзуға итермелейтін әрекеттер толығымен көрсетілген. Яғни Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» заңының 476-бабы, 6-тармағына сай, карантин және басқа да міндетті санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды өткізу – ескерту жасауға немесе 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады. Сондықтан жалған ақпарат таратып, халықтың үрейін ұшырудың қажеті жоқ.

ӘЛЕУМЕТ

Түзелуге кеш емес

Нұржамал ӘЛШЕВА

«Jas Otan» жастар қанатының шақыруымен Алматы қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығының маманы Еркеш Жақыпова пробация қызметінде есепте тұрған адамдарға, оның ішінде жастарға жол көрсетерлік кеңестер айтты.

Орталық маманы қатысушыларға Жұмыспен қамту орталығының қызметтері және жұмыссыз тұлға ретінде қалай тіркелуге болатыны (оның ішінде ENBEK.KZ электрондық еңбек биржасының порталы арқылы онлайн-режимде) туралы кеңінен әңгімеледі. Сондай-ақ,

Алматы қаласында іске асырылып жатқан «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту мен «Жұмыспен қамту жол картасы» мемлекеттік бағдарламалары жайында айтып берді. Спикер тұрақты жұмыс орындарына, сондай-ақ уақытша (қоғамдық жұмыстар, әлеуметтік жұмыс орындары) жұмыстарға орналасу, «SKILLS.ENBEK.KZ» курстардан тегін өту мүмкіндіктерін түсіндірді.

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамға жұмысқа орналасуға көмек көрсету кезінде жұмыспен қамту қызметтері мынадай іс-шараларды жүзеге асырады: жұмыссыздарды Халықты жұмыспен қамту орталығының бос орындар базасында бар бос жұмыс орындарына; әлеуметтік жұмыс орындарына; келісімімен қоғамдық жұмыстарға; жұмыссыздарды кейіннен олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесе отырып, еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға жібереді; жұмыс орындарының квотасы бойынша жұмысқа

орналасады. Жастар жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша ақпараттан басқа, психолог пен заңгердің кеңестерін де алды.

– Жұмыс дегеніміз – бұл сүрініп кетіп, қайта дұрыс жолға түскісі келетін жастар үшін өмірлік қажеттілік қана емес, сонымен қатар маңызды терапия. Өйткені, ұжымдағы жұмыс тәртіпті және қалыпты өмірге оралуға көмектеседі. Сондай-ақ, бүгінгідей кездесулер жазасын өтеп келген азаматтардың өздерінің қателігін түзетуге мүмкіндік алу және қоғамға қайта кірігіп, қосылып кетуі үшін керек, – деді Еркеш Жақыпова.

Кездесуде кеңес беруден басқа, өзін-өзі тану, білік, дағдыға арналған тестілеуді қамтитын кәсіптік бағдар беру жұмысы да өткізілді. Пробация қызметінде есепте тұрған азаматтар көкейіндегі сауалдарын да қойып, толыққанды жауаптар алды. Қатысушылардың бірі, 20 жастағы Мақсат есімді жігіт осы жүздесу үшін алғысын білдірді. Ол сүрініп кетіп, қайта бойын тіктеген ендігі өміріне бағдарлам боларлықтай пайдалы кеңестер, жұмысқа тұрып, қалыпты өмірге оралып, қоғамға пайда әкелгісі келетінін жеткізді.



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Almaty-Resort» шипажайына:

- дәрігер-терапевт;
- дәрігер-педиатр;
- медбике;
- фельдшер-зертханашы;
- жүйелік әкімші;
- инженер-құрылысшы;
- ЕҚ және КТ жөніндегі инженер;

- ыдыс жуушылар;
 - қызметшілер;
 - даяшылар;
 - қоймаға тиеуші;
 - ағаш ұстасы керек.
- Тел.: 8 701 794 90 56. Асқартаев көшесі, 2-үй.

«Көктем» санаторийіне:

- аспаз көмекшісі;
 - қызметшілер;
 - ыдыс жуушылар;
 - даяшылар;
 - тазалықшылар қажет.
- Тел.: 8 771 576 10 40. «Асқартау» ш/а, Көктем көшесі, 1-үй.

«Жарди KZ» ЖШС-ға:

- дүкен меңгерушісі;
 - сатушы-кассирлер;
 - жүргізуші-экспедитор;
 - жүк тиеушілер керек.
- Тел.: 8 777 005 51 81. Жансүгіров көшесі, 482-үй.

«Еуразиялық банк» АҚ:

- өндіріп алу жөніндегі маман іздейді.
- Тел.: 8 700 692 96 18. Сәтбаев көшесі, 30-үй.

«Карина-Папироне» ЖШС-ға:

- әртүрлі жұмыстарға жұмысшылар;

- жүк тиеушілер керек.
- Тел.: 8 707 720 58 15. Қазыбаев көшесі, 264-үй.

«Полиграфия комбинаты» ЖШС-ға:

- корректор;
 - полиграфия шебері;
 - автокөлік жүргізушісі;
 - электрик;
 - токарь;
 - сырлаушылар;
 - газэлектр мен дәнекерлеушілер керек.
- Тел.: 8 777 201 01 56. Мақатаев көшесі, 41-үй.

«Bazis construction» ЖШС-ға:

- әртүрлі жұмыстарға жұмысшылар;
 - арматурашылар;
 - бетоншылар;
 - гипс картоншылар керек.
- Тел.: 8 (727) 277-70-21. Сәтбаев көшесі, 90-үй.

«Green resurse» ЖШС-ға:

- сұрыптаушылар қажет.
- Тел.: 8 705 460 26 77.

«Техновид» ЖШС-ға:

- құрастыру цехының операторы керек.
- Тел.: 8 701 924 31 88.

«Росо-Рие» ЖШС-ға:

- тазалықшылар;
 - күзетшілер;
 - кассирлер қажет.
- Тел.: 8 701 073 77 75.

«Іңкәр» ЖШС-ға:

- жинаушылар керек.
- Тел.: 8 771 558 08 26.

СӘТТІЛІК ТІЛЕЙМІЗ!

Нұр ЖАМАЛ



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

Алматы қаласы ҚДБ «Алау» оңалту орталығы» ШЖҚ КМК басшысының бос лауазымына конкурс өткізу туралы хабарландыру

Өтетін күні: 25.10.2021.

Өтетін орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Шашкин көшесі, 7.

Кәсіпорынның атауы: Алматы қаласы ҚДБ «Алау» оңалту орталығы» ШЖҚ КМК.

Пошталық мекенжайы: индекс 050044, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Шашкин көшесі, 7.

Телефоны: +7 (727) 262-32-98.

Электрондық пошта: almaty_alau@mail.ru

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: бекітілген ауданның тұрғындарына мамандандырылған медициналық көмек көрсету.

Кәсіпорын басшысының негізгі лауазымдық міндеттері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ – 305/2020 бұйрығына 3-қосымшаның 2-тарауы 1-параграфының 4-бөлімінде көрсетілген.

Конкурсқа қатысушыларға қойылған талаптар: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ – 305/2020 бұйрығына 3-қосымшаның 2-тарауы 1-параграфының 4-бөлімінде көрсетілген.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдардан құжаттарды қабылдаудың басталу және аяқталу күні. 25.10.2021 жылдан 05.11.2021 жылға дейін.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №ҚР ДСМ – 58/2020 бұйрығының 2-тарауының 7-тармағында айтылған құжаттарды хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта мекенжайына құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін электрондық түрде ұсынуы тиіс.

«Жастарға қолдау көрсету» қоғамдық қорының (БСН 150240026664) 23.02.2015 ж. бекітілген «Құрылтайшылар келісім-шарты» жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Электронды кезек



**Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

Мемлекеттік кірістер басқармасына бару қажет болса, оны алдын ала жоспарлап, электронды кезекті онлайн брондауға болады. Кезекте тұрмай, өз уақытыңызды үнемдейсіз. Бұл туралы ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінде хабарлады.

Онлайн брондауды 2 әдіспен жасауға болады. Бірінші әдіс – Мемлекеттік кірістер комитетінің kgd.gov.kz ресми сайты арқылы. Сайтта бастапқы парақшасында «Электронды сервистер» батырмасына өтіп, «Кезекті онлайн брондау» батырмасын таңдау қажет. Одан әрі қарай ЖСН/БСН енгізіп, аймақты тандап, қызмет түрі мен келу күнін және уақытын тандап, электронды пошта мекенжайын көрсету керек. Онан соң көрсетілген электронды поштаға хабарлама түрінде электронды кезек коды келіп түседі. Екінші әдіс – «E-Salyq



Azamat» мобильді қосымшасы арқылы. Ол үшін жеке тұлға мобильді қосымшаны ұялы телефонына жүктеу қажет (Play Market, App Store арқылы жүктеуге болады). Орынатылғаннан кейін жеке телефон нөмірі арқылы тіркелу қажет. Сонан соң «Электронды сервистер» батырмасына өтіп, «Кезекті онлайн брондау» батырмасын таңдау қажет. Содан кейін ЖСН енгізіп, аймақты тандап, қызмет түрі мен келу күнін және уақытын тандап, электронды пошта мекенжайын көрсету керек. Онан соң көрсетілген электронды поштаға хабарлама түрінде электронды кезек коды келіп түседі.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy»
Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Мемлекеттік қызметшінің әріптестерінің арасында және қоғамдағы мінез-құлқы

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің әріптестерінің арасында және қоғамдағы мінез-құлқына, моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талап қояды.

Қоғам мемлекеттік қызметшісі өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін атқаратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны Қазақстан Республикасы мен оның тұрғылықты азаматтарына адал да қалтқысыз қызмет етеді деп сенім білдіреді.

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, пікірсайысты әдепті түрде жүргізу мен қоғамдық ортада адал, әділ, әрі қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуы тиіс, алайда кейбір мемлекеттік қызметшілер өздерінің мемлекеттік қызметші екенін ұмытып кетіп, қоғам мен әріптестерінің ортасында жаман іс-әрекеттерімен бұзақы, дөрекі сөздерімен ақпараттық желілерде тарап жатқаны да аз емес.

Мұндай мемлекеттік қызметшілер кейін өздерінің іс-әрекеттерін YouTube немесе басқа да ақпарат желілерден көріп, өкінетіндері де сөзсіз.

Барлық мемлекеттік қызметшілерді жаңадан тәрбиелеу және әдеп-ғұрыптары мен іс-әрекеттерінің сақтап жүруі мақсатында 2015 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің №153 Жарлығымен «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі» бекітілген. Мемлекеттік қызметшілерге адамның ар-намысына тіл тигізуге, масаң күйде қоғамдық орындарда жүруге, айналасындағы адамдардың тәртібі мен қауіпсіздігіне қол сұғуға, сондай-ақ заңнаманы бұзуға жол берілмейді. Кез келген мемлекеттік қызметші жұмыста және жұмыстан тыс уақытында да өз іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарына жауапты болуы керек. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің беделіне әр уақытта әдеп қағидаларын сақтауы арқылы, қоғамның мемлекеттік қызметке деген сенімін арттырады.

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің қызметте және күнделікті өмірде жүріс-тұрыстарының стандартын бекітті. Соның негізінде мемлекеттік органдарда этика бойынша арнайы уәкілдер жұмыс атқаратын Әдеп жөніндегі уәкіл енгізілген болатын. Әдеп жөніндегі уәкіл өзі жұмыс істейтін мемлекеттік органда мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды. Әдеп жөніндегі уәкіл өз тарапынан қызметшілер арасында әдеп қағидаларын сақтау жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізуге тиіс. Бұл ретте жеке мінез-құлық арқылы әділдіктің, әдептіліктің, бейтараптылықтың және парасаттылықтың үлгісін түсіндіруі арқылы жұмыс орнында, қызметте маңызды рөл атқаратыны айқын.

Әрбір Әдеп жөніндегі уәкіл ұжымның тиімді өзара іс-қимылы үшін жағымды жағдайлар жасаудың маңыздылығын түсінуі қажет. Кез келген ұжымның табыстылығы мен татулығы, оң нәтижелі көрсеткіштер көрсетуі ұжымдағы ахуал мен қызметкерлердің ортақ мақсаты қаншалықты терең түсінуіне байланысты.

Мақаламды көптеген мемлекеттік қызметшілер оқиды деген оймен әріптестеріме айтарым – жұмыстан тыс уақытында рухани баюымыз қажет, ол мәдениет және демалыс орындарына бару мен мүмкіндігінше волонтерлікпен айналысып, қоршаған ортамызға көмек қолымызды созғанымыз абзалырақ болады.

Марат СӘРСЕНБАЕВ,

Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаментінің қызметкері.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДҮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Айжан БҮРКІТБАЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



ЕКПЕ САЛАР АЛДЫНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗІЛЕ МЕ?

Екпе салар алдында медицина қызметкері егілетін адамды міндетті түрде қарап-тексереді. Медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайда сауыққаннан кейін ғана екпе салдырады.

1406 COVID-19 ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ CALL ОРТАЛЫҚ

WWW.HLS.KZ

ВАКЦИНАЛАР НЕЛІКТЕН ЕКІ КОМПОНЕНТТЕН ТҰРАДЫ?

Егер вакциналарды әзірлеу кезінде бір дозаның тиімділігі жеткіліксіз болса, вирус туралы екпе салып және антиденелерді барынша мол түзіп, бірінші дозаның әсерін күшейтуге және нығайтуға иммундық жасушаларды ынталандыру үшін екінші доза қажет

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?



«Қатыгез» ойын



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Дүкеннен келе жатып, аулада жан даусы шыға ойнап жатқан балаларды көрдім. Алғашында, шыны керек, «біреуі құлап, бір жерін ауыртып алып айқайлап жатыр екен» деп ойладым. Үйге апаратын жол дәл балалардың ойын алаңының жанынан өтеді.

Төрте артқа қарап біреуі тұр. Қалғандары соның артында шашылып, әр жерде орналасқан. Өлгі төрдегі «бастық» артына қарамаса, олар алға қарай жүреді. Қарап қалған кезде қимылдамай тұра қалады. Ал қозғалыс жасап қалғаны бастықтың көзіне түссе, бірден «атып» түсіреді. Сондықтан «пауза» уақытында бір аяқпен тұрса да, аяғының ұшымен тұрса да қимылдамай, қатып қалу керек екен.

Басында түсінбегесін балалардың ойындары маған да қызық болды. Ерінбей тоқтап, біраз бақылап тұрдым. Содан соң түйгенім – бұл ойын біз ойнағандай

«аққөңіл» ойын емес, қатыгез ойын екен. Мақсаты – өлтіру. Санасы енді қалыптасып, жап-жас жүрегі жалындап тұрған балақайлардың оны ойнағаны өкінішті-ақ. Біздің кезімізде кез келген ойынның өзіндік мәні, сәні болатын. Өйткені, оны бізге аға-әпкелеріміз, ата-анамыз үйреткен. Ал қазіргі ойындардың үйретушісі – ғаламтор.

Бүгінде ешкімге ақыл айта алмайсыз. Бір нәрсе деп көріңіз, әйтеуір бір қорғаушы табылады. Әйтпесе, сол жерде балалардың ойындарын тамашалап тұрған ата-аналары да бар. Олар, тіпті, жанкүйер болып алған, «қимылдама, өліп қаласың» деп айқайлап жатқандары да жоқ емес.

Қысқасы, «Игра в кальмара» ойыны Алматы аулаларына да жетіпті. Өкінішті-ақ. Жүректе бейбіт күнде балаларымыз жасанды қару ұстап, қатыгез болып кетпесе екен деген бір ғана тілек бар.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Қауіпсіздік лашықтары

Іле Алатауында туристерге арналған қауіпсіздік лашықтары пайда болды. Жобаны Алматы әкімдігі мен бизнес қауымдастығы бірлесе қолға алып, жүзеге асырып отыр.

Соңғы кезде орын алған пандемияға байланысты тауға саяхаттаушылардың саны күрт артқан. Алайда, олардың басым бөлігі саяхатқа дұрыс дайындалмай шығып жатады. Ауа райы кенеттен бұзылса, адасып немесе басқа да оқыс жағдайлар орын алса не істейміз деген секілді қауіпсіздік жағын ескере бермейді. Осындай оқиғалардың алдын алу мақсатында 15 қауіпсіздік лашығын ашу жоспарланып отыр. Әзірге табиғат аясында шағын ғана үйшіктердің 7-суі ашылды. Алдағы уақыттарда олардың іші адам өміріне маңызды заттармен толықтырылмақ. Онда дәрігерлік қорапша, бұзылмайтын азық-түлік, жылыту құрылғылары және құтқарушыларды көмекке шақыратын спутниктік байланыс орнатылады. Бір ғана қауіпсіздік үйшігінің құны 4 миллион теңгені құрайды. Айта кетерлігі, жоба қала бюджетінен емес, жеке кәсіпкерлердің есебінен қаржыландырылады.



Пойызбен жеткізілді

Алматы хайуанаттар бағы Қызыл кітапқа енген екі бірқазанмен толықты. Оның біреуі Ақтаудан, екіншісі Семейден жеткізілді. Үйірінен қалып қалған бірқазанды ауыл тұрғындары тауып алып, пойызбен алып келген.

Хайуанаттар бағы мамандарының айтуынша, құстар алдымен бір ай ветеринария бөлімінде карантинде болады. Содан кейін зиянкестерден тазартылып, түрлі құс ауруларының алдын алатын екпелер салады.

– Екі құсты да тексеріп қарайтын боламыз. Ақтаудан әкелген бірқазанның қанаты сынған. Ал Шығыс Қа-

зақстан облысынан жеткізілген бірқазан әбден әлсіреп қалған. Басқаларға үлкен құс болып көрінуі мүмкін. Бірақ әлі толық жетілмеген балапандар ғой. Сондықтан ілесе алмай қалған. 5-6 ай кезінде салмағы 10 келіге дейін жетуі тиіс. Ал олардікі 5 келі ғана, – деді хайуанаттар бағының дәрігері Алина Чимирук.

Бірқазан Қазақстанның ғана емес, халықаралық Қызыл кітапқа да кірген. Олар жойылып кетудің алдында тұр. Сондықтан Алматыға жеткізіліген екі бірқазан табиғатқа жіберілмейді. Құстар хайуанаттар бағының қарамағында болады.

Жаңа мереке

Еліміздің күнтізбесінде жаңа мерекелік дата – 9 қыркүйек – «Қазақстан кәсіпкерлерінің күні» пайда болады.

«Атамекен» ҰКП мамандарының пікірінше, Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде кәсіпкерлік қауымдастық экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етіп, экономикалық реформаларды жүзеге асыруға белсенді қатысады, әлеуметтік өмірде үлкен рөл атқарады. Осылайша мемлекет ел дамуына үлес қосып жатқан бизнес-қауымдастықтың маңызын ерекше атап өтеді.

Кәсіпкерлер мерекесі жеке ісін бастап, табысқа жеткен, қиындықтарға қарамастан жұмыс орындарын ашып, көптеген адамға көмектескен азаматтарға алғыс білдіріп, құрмет көрсетуге бағытталған. 9 қыркүйек, кәсіпкерлер күнінде өз бизнесін ашып, қоғам дауына үлес қосқан, қайырымдылық іс-шараларды, бизнес жүргізудің әлеуметтік және этикалық практикасын ілгерілеткен азаматтардың еңбегі аталып өтілетін болады.

Әзірлеген
Айкерім НӨЛДІБЕКОВА.